

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
«Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы
№3(45), 2015 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2001 ж. бастап шығады

Бас редактор
х.г.д., проф. М.Е. Ермағанбетов

Редакциялық коллегия
бас редактордың орынбасары,
х.г.к., проф. Х.Н. Жанбеков,
бас редактордың орынбасары,
г.г.д., проф. м.а. К.Д. Каймұдинова,
пед.г.д., проф. Ж.Ә. Шоқыбаев,
биол.г.д., проф. м.а. З.Б. Тұңғышбаева

Редакциялық алқа мүшелері:
геогр.г.д., проф., ҚР ҰҒА академигі
А.С. Бейсенова,
х.г.д., проф., ҚР ҰҒА академигі
Е.Ә. Бектуров,
пед.г.д., проф.,
ҚР ҰҒА академигі **С.Ж. Пірәлиев,**
х.г.д., проф. **Т.О. Омарқұлов,**
пед.г.д., проф. **Н.К. Ахметов,**
геогр.г.д., проф. **М.Е. Белгибаев,**
биол.г.д., проф. **Е.Т. Тазабекова,**
биол.г.д., проф. **Л.Б. Сейлова,**
х.г.д., проф. **Н.А. Бектенов,**
биол.г.д., проф. **Қ.С. Рымжанов,**
пед.г.д., проф. **А.А. Саипов,**
хим.г.д., проф. **Г.И. Мейирова**
геогр.г.д., проф. **А.Н. Нигматов**
(Өзбекстан),
биол.г.д., проф.

Б.А. Тохторалиев (Қырғызстан),
геогр.г.д., проф. **Н.А. Родионова** (Ресей),
х.г.д., проф. **Д.Ю. Мурзин** (Финляндия),
PhD докторы **Ренато Сапо** (Италия),
PhD докторы **Жан Марк** (Бельгия),
х.г.к. **А.Е. Сагимбаева** (жауапты хатшы)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2015
Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген N10110 – Ж

Басуға 13.11.2015 қол қойылды.
Пішімі 60x84¹/₈. Көлемі 14.25 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 191

2011 жылдан бастап Қазақстандық дәйексөз қорының импакт-факторы-0,021
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚАбай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

Мазмұны
Содержание

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
НАУКИ О ЗЕМЛЕ

Абдикаримова Г.Ә., Қияқбаева Ә.Ә. Шымкент қаласы агломерациясының маңызы және болашағы.....	4
Карбаева Ш.Ш., Патаев С.Д. Жамбыл облысы химия өнеркәсібінің қазіргі даму бағыттары.....	9
Қастер С., Барманқұл М. Түркия қазақтары: тарихи көші-қоны мен қоныстану географиясы.....	12

ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ

Ахметова Г.С., Отеш А.Ж., Садырбаева Ф.М., Ю В.К., Пралиев К.Д., Исакова Л.Н., Исаева У.Б., Мейирова Г.И., Идрисова Р. Поиск перспективных ФАВ в ряду новых производных просидола.....	18
Тургумбаева Р.Х., Абдикаримов М.Н. Оценка рассеяния аэрозоля техногенных выбросов в приземном слое атмосферы санитарно-защитной и промышленной зон химического предприятия.....	26
Бектенов Н.А., Маликова А.Г. Глицидилметакрилат (ГМА) және акрилонитрил(акн)сополимері негізіндегі жаңа перспективті ион алмастырғыш комплексонды алу.....	31
Жақсыбаев М.Ж., Болатжан Базарбай Модифицирленген мыс катализаторлары қатысында 9-гексадецин-1-олды стереоталғамды сутектендіру.....	37
Азимбаева Г.Т. Фракционирование и анализ белковых препаратов методом хроматофокусирования.....	41

БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Тұңғышбаева З.Б., Онгарбаева А., Мәлікқызы Г. Бүйректің ұйымдасу құрылымына мутагенді факторлардың әсері.....	46
Татарина Г.Ш., Елжасова Л.Ф. Изучение некоторых гемодинамических показателей в условиях напряженности.....	49
Мынбаева Б.Н., Джамилова С.М. Общая эколого-географическая характеристика г. Алматы и центрального парка культуры и отдыха.....	53
Есимов Б.Қ., Жақсыбаев М.Б., Сексенова Д.Ұ. Орал популяциясындағы акбөкендер.....	57
Батырова К.И., Майматаева А.Д. Влияние температуры и влажности среды на распространение клеща Varroa destructor а. в пчелиной семье.....	61

ЭКОЛОГИЯ

Джусупова Д.Б. Шумен ластанудың адам денсаулығына әсері... Қалдыбаева Ж.Б., Сабденалиева Г.М. Автокөліктің шығарындыларының адам денсаулығына әсері.....	67
Татарина Г.Ш., Қунакбаев А.С., Бабашев А.М. Профилактика курения среди подростков.....	71
Ирkitбаев С.Н., Гайсина Қ.М. Талас өзені алабының геоэкологиялық жағдайы.....	76
	82

Казахский национальный
педагогический
университет имени Абая

ВЕСТНИК
Серия «Естественно-
географические науки»
№3(45), 2015 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2001 года.

Главный редактор:
д.х.н., проф. М.Е. Ермаганбетов

Редакционная коллегия:
зам. гл. редактора,
к.х.н., проф. Х.Н. Жанбеков,
зам. гл. редактора,
д.г.н., и.о. проф. К.Д. Каймулдинова,
д.пед.н., проф. Ж.Ә. Шоқыбаев,
д.биол.н., и.о. проф. З.Б. Тунгышбаева

Члены редколлегии:
д.геогр.н., проф., академик НАН РК
А.С. Бейсенова,
д.х.н., проф., академик НАН РК
Е.Ә. Бектуров,
д.пед.н., проф.,
академик НАН РК С.Ж. Пралиев,
д.х.н., проф. Т.О. Омаркулов,
д.пед.н., проф. Н.К. Ахметов,
д.геогр.н., проф. М.Е. Белгибаев,
д.биол.н., проф. Е.Т. Тазабекова,
д.биол.н., проф. Л.Б. Сейлова,
д.х.н., проф. Н.А. Бектенов,
д.биол.н., проф. К.С. Рымжанов,
д.пед.н., проф. А.А. Саипов,
д.х.н., проф. Г.И. Мейрова
д.геогр.н., проф. А.Н. Нигматов
(Узбекистан),
д.биол.н., проф.
Б.А. Тохторалиев (Кыргызстан),
д.геогр.н., проф. Н.А. Родионова (Россия),
д.х.н., проф. Д.Ю. Мурзин (Финляндия),
доктор PhD Ренато Сапо (Италия),
доктор PhD Жан Марк (Бельгия),
к.х.н. А.Е. Сагимбаева (ответ. секретарь)

© Казахский национальный педагогический
университет им Абая, 2015

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. N10110 – Ж
Подписано в печать 13.11.2015.
Формат 60x84¹/₈. Объем 14.25 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 191

за 2011 год индексируемый КазБЦ имеет
импакт-фактор - 0,021

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13.
КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСЦИПЛИН

Ахметов Н.К. Общая модель при формировании химических понятий «Основные типы химических реакций».....	86
Избасарова Р.Ш. Современные подходы к эстетическому воспитанию на уроках биологии.....	89
Жұмағұлова Қ.Ә. Биологияны оқытуда жаңа тәсілдерді қолдану	93
Камиева Г.С. Орта мектепте экологиялық білім беру.....	96
Жусупбекова Н.С. Тестовые задания на установление правильной последовательности по теме: «Разнообразие живых организмов»	101

ТУРИЗМ

Алшымбеков С.К., Даутова А.А. Шаруашылық географиясы аясында туристік кластерді оқыту жолдары.....	104
Омаров Қ.М. Белсенді тау туризмін ұйымдастыру.....	108
Саванчиева А.С. Туристско-рекреационный потенциал Иссык-Кульской области и его значение в развитии туризма приграничных территорий Казахстана и Кыргызстана.....	111

Kazakh National Pedagogical University after named Abai

BULLETIN
Series of « Natural – geographical sciences»
№3(45), 2015

Periodicity – 4 numbers in a year
 Publishing from 2001

Editor in chief
D.ch.s. prof. M.E. Ermaganbetov

The editorial state:
Deputy Editor - in-Chief
cant.chem.s., prof. H.N. Zhanbekov,
deputy Editor - in-Chief
d.geog.s., act. prof. K.D. Kaimuldinova,
d.ped.s., prof. Zh. A. Shokybaev,
d.biol.g.s., act. prof. Z.B. Tungyshbayeva

The editorial board members:
d.geog.s., prof., academician of NAS RK.
A.S. Beisenova,
d.chem.s., prof., academician of NAS RK
E.A. Bekturov,
d.ped.s., prof., academician of NAS RK
S.Zh. Praliev,
d.chem.s., prof. T.O. Omarkulov,
d.ped.s., prof. N.K. Akhmetov,
d.geogr.s., prof. M.E. Belgibayev,
d.biol.s., prof. E.T. Tazabekova,
d.biol.s., prof. L.B. Seilova,
d.ped.s., prof. N.A. Bektenov,
d.biol.s., prof. K.S. Rymzhanov,
d.ped.s., prof. A.A Saipov,
d.chem.s., prof. G.I. Meirova,
d.geogr.s., prof. A.N. Nigmatov (Uzbekistan),
d.biol.s., prof. B.A. Tohtoraliev (Kyrgyzstan),
d.geogr.s., prof. N.A. Rodionova (Russia),
doctor PhD Renato Sapo (Italy),
d.chem.s., prof. D.U. Murzin (Finland),
doctor PhD Jean Marc (Belgium),
k.chem.s. A.E. Sagimbayeva (executive secretar)

Kazakh National Pedagogical University after named Abai, 2015

The journal is registered by the Ministry of Culture and Information RK
 8 May 2009., N10110 – Ж

Signed to print 13.11.2015
 Format 60x84 1/8. Volume 14.25 – publ.literature.
 Edition 300 num. Order 191.

For 2011 KazBC has impact – factor of 0,021.

050010, Almaty, Dostyk ave., 13
 KazNPU after named Abai
 Publishing house «Ulagat»
 Kazakh National Pedagogical University after named Abai

ABOUT A PLACE SCIENCES

Abdikarimova G.A., Qiyaqbaeva A.A. Perspektivy i vazhnost' aglomeratsii goroda Shymkenta.....	4
Karbayeva Sh.Sh., Patayev S.D. Modern lines of development of chemical industry of Zhambyl region.....	9
Sarkytkan Kaster, Barmankul Makpal Turkish Kazakhs: historical migration and geography of location.....	12

CHEMICAL SCIENCES

Akhmetova G.S., Oresh A.Zh., Sadyrbayeva F.M., Yu V.K., Praliyev K.D., Iskakova L.N., Isaeva U.B., Meirova G.I., Idrisova R. A search for perspective physiologically active compounds among the prosidol new derivatives.....	18
Turgumbaeva R.Kh., Abdikarimov M.N. An estimation of dispersion of aerosol of technogenic extrass is in the ground layer of atmosphere of sanitary-hygienic and industrial areas of chemical enterprise.....	26
Bektenov N.A., Malikova A.G. Preparation a new perspective ion exchange complexone based on a copolymer of glycidyl methacrylate (GMA) and acrylonitrile (AcN).....	31
Zhaxibaev M.Zh., Bolatzhan Bazarbay Stereoselective hydrogenation of 9-hexadecan-1-ol on modified copper catalysts.....	37
Azimbaeva G.T. Fractionation and the analysis of protein preparations by chromatofocusing method.....	41

BIOLOGICAL SCIENCES

Tungushbaeva Z.B., Ongarbaeva A., Malikyzy G. Action mutagenic factors on the organizational structure kidney.....	46
Tatarinova G.Sh., Elzhasova L.Ph. The study of somehemodynamic parameters undertension.....	49
Mynbayeva B.N., Dzhamilova S.M. General environmental characteristic of Almaty and central recreation park.....	53
Esimov B.K., Zhaksibaev M.B., Seksenova D.Y. Saigas Ural population.....	57
Batyrova K.I., Maymataeva A.D. Effects of temperature and humidity environment for distribution tick varroa destructor a. bee colony.....	61

ECOLOGY

Jussupova D.B. Influence of noise contamination on the health of man	67
Kaldybaeva Zh.B., Sabdenalyeva G.M. Influence of emissions of motor transport on health of the person.....	71
Tatarinova G.Sh., Kunakbayev A.S., Babashev A.M. Prevention of smoking among teenagers.....	76
Irkitbaev S.N. Gaissna K.M. Talas River Basin geo - environmental conditions.....	82

METHODICAL ASPECTS OF DISCIPLINES

Akhmetov N.K. General model in formation chemical concepts "Main types of chemical reactions".....	86
Izbassorova R.Sh. Modern approaches to aesthetic education in biology class.....	89
Zhumagulova K.A. New approaches at biology training.....	93
Kamiyeva G.S. Environmental education in secondary schools.....	96
Zhussupbekova N.S. Test tasks for establishment of the correct sequence on the subject: «Variety of living organisms».....	101

TOURISM

Alshynbekov S.K., Dautova A.A. Ways of studying tourism clusters within the framework of geography the economy.....	104
Omarov K.M. Organization of active mountain tourism.....	108
Savanchiyeva A.S. Tourism potential of Issyk-Kul region and its importance to tourism development of frontier territories of Kazakhstan and Kyrgyzstan.....	111

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР НАУКИ О ЗЕМЛЕ

ӘОЖ (УДК) ОК 911.2:504.61:351.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Г.Ә. Абдикаримова – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Ә.Ә. Қияқбаева – «География» мамандығының 2 курс магистранты,

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Оңтүстік Қазақстан облысы елімізде алар орны ерекше аймақтардың бірі. Дін мен дәстүрдің қаймағы сақталған саңлақ аймақтардың қатарында екендігінде дау жоқ. Орталығы болған Шымкент қаласының бүкіл Қазақстанға, тіпті бүкіл әлемге аты мәшһүр. Шымкент десе елең ете қалмайтын ел жоқ. Оңтүстіктің тұрғындары елдің демографиясының өсуіне сүбелі үлес қосып келеді. Бұл өңірде туу көрсеткішінің жоғары болуы діні мен дәстүрін тиянақты ұстағанынан болар.

Әкімшілік-саяси басты орталығы-Шымкент қаласы. Он екі ірі аудандардан тұрады. Олардың әрбірінің өзі жеке шығарма.

Жаңа Бас жоспар бойынша алдағы уақытта сәулеті мен келбеті келіскен, жер қорын үнемді пайдалануға, инфрақұрылымды тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін көпқабатты үйлерге басымдық берілетін болады. Шымкент шаһары алдағы уақытта еліміздегі сәулетті үшінші қалаға айналады.

Шымкент қаласын еліміздегі 3-ші қалаға айналдыру бағытында бірқатар жобалар қолға алынуда. Бұл жобалардың барлығы дерлік, облыс әкімінің тікелей қадағалауында. Нақты іске қосылып, халықтың игілігіне берген жобаларды айтатын болсақ, қалада өндірістік қуаттарды ұлғайту арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, қала қазынасының кіріс көзін ұлғайту, бәсекеге қабілетті өнім түрлерін шығару мақсатында бұрынғы фосфор зауытының аумағында «Оңтүстік индустриялық аймағы» құрылды.

Түйін сөздер: Шымкент агломерациясы, демография, дін мен дәстүр, Жаңа Бас жоспар, жоба, сәулетті үшінші қала, Оңтүстік индустриялық аймағы

Оңтүстік Қазақстан облысы елімізде алар орны ерекше аймақтардың бірі. Дін мен дәстүрдің қаймағы сақталған саңлақ аймақтардың қатарында екендігінде дау жоқ. Орталығы болған Шымкент қаласының бүкіл Қазақстанға, тіпті бүкіл әлемге аты мәшһүр. Шымкент десе елең ете қалмайтын ел жоқ. Шымкенттіктер десе қорқа қарайтын да, қызыға қарайтын да жұрттар бар. Айтары жоқ, расында Шымкент жақтың тұрғындары кең пейілді, ақ жарқын, барған жеріне тез сіңісіп кете алатын жандар. Шыққан жерінің қасиетінен бе, әйтеуір бір иығын өнерге берген өнерпаздардың көбісі сол аймақтан шығады. Бұл жағынан қызыға да, қызғана қарайтынын жасырмайтын ағайындарды да кездестірдік. Оңтүстіктің тұрғындары елдің демографиясының өсуіне сүбелі үлес қосып келеді. Бұл өңірде туу көрсеткішінің жоғары болуы діні мен дәстүрін тиянақты ұстағанынан болар [1].

Әкімшілік-саяси басты орталығы-Шымкент қаласы. Он екі ірі аудандардан тұрады. Олардың әрбірінің өзі жеке шығарма. Дін мен дәстүрін, тілін сары майдай сақтаған Оңтүстік басқалардан асып түседі. Ислам дінін ата-бабадан қалған мұрты бұзылмаған қағидамен ұстанады.

Жаңа Бас жоспар бойынша алдағы уақытта сәулеті мен келбеті келіскен, жер қорын үнемді пайдалануға, инфрақұрылымды тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін көпқабатты үйлерге басымдық берілген. Шымкент шаһары алдағы уақытта еліміздегі сәулетті үшінші қалаға айналады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев бір сөзінде былай дейді: «Шымкент – сәулетті қала. Тарихқа тұнып тұр. Астана мен Алматыдан кейінгі Қазақстанның үшінші қаласы Шымкент дегенді мен бұрын да айтқанмын. Халқының саны 1 миллионға жетерлік қаланың көркі бүгінгісінен де көркем болады» дей келе, кезекті жолдауында «Инфрақұрылымдық ұштаған - агломерацияның, көліктің, энергетиканың қарқынды дамуын қамтамасыз ету керек. Агломерациялар - Қазақстанның ғылыми қамтымды экономикасының ұстыны. Елдің орасан зор аумағын, халықтың орналасу тығыздығының төмен екенін ескерсек, агломерациялар қалыптастыру мен дамыту - маңызды мәселе. Қазақстанның алғашқы заманауи урбанистік орталықтары ірі қалалар - Астана мен Алматы, одан соң - Шымкент пен Ақтөбе болады – деп атап көрсетті [2].

Шымкент қаласын еліміздегі 3-ші қалаға айналдыру бағытында бірқатар жобалар қолға алынған. Мемлекет Басшысы 2014 жылдың желтоқсанына қарай ел тұрғындарын 50 пайыз отандық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы тапсырма жүктегені белгілі. Бұл жобалардың барлығы дерлік, облыс әкімінің тікелей қадағалауына берілген. Нақты іске қосылып, халықтың игілігіне берген жобаларды айтатын болсақ, қалада өндірістік қуаттарды ұлғайту арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, қала қазынасының

кіріс көзін ұлғайту, бәсекеге қабілетті өнім түрлерін шығару мақсатында бұрынғы фосфор зауытының аумағында «Оңтүстік индустриялық аймағы» құрылған. Оның аумағы 337 гектар жерді құрап отыр. Осы аймақта құны 43,8 млрд. теңгені құрайтын 58 бизнес жобаларды жүзеге асыру жоспарланған. Бұл жобалар жүзеге асырылса, 6 мың жаңа жұмыс орны ашылатын болады. Қазірдің өзінде 31 кәсіпорын іске қосылып, 2312 жаңа жұмыс орындары ашылған [3].

Сонымен бірге, Шымкент еліміздегі жасыл қала мәртебесіне лайықты болуы үшін аумағы 1 мың гектар жерге жасыл аймақ құрылған. Бұл жасыл аймақ қаланың көркіне көрік қосатын болады. Әрі тұрғындардың демалуына жағдай жасау үшін, ертеректе жекеменшікке беріліп кеткен саябақтар мемлекет меншігіне қайтарылып, көріктендірілген. «Дендросаябақ» қайта құрудан өткен, сондай-ақ, «Тәуелсіздік саябағы», «Наурыз алаңы», «Нұрсәт» шағын ауданында гүлзар ашылған. Ордабасы алаңында «Жер ана» монументі, «Бәйдібек би», Абай саябағында «Даңқ» монументі, Жеңіс саябағында ерлік мұражайы және тағы басқа мәдени сәулеттік нысандар пайдалануға берілген. Қаланың орталық бөлігі арқылы ағып өтетін «Қошқар ата» өзені, қаланың оң жақ бөлігіндегі «Бадам» өзендерінің арналары көріктендіріліп, көпшілік демалыс орындарында да жағдайлар жасалған. Әлеуметтік салада «Цирк» ғимараты, «Назарбаев» атындағы екі зияткерлік мектебі, халықаралық теннис орталығы, жеңіл атлетикалық манеж, жабық жүзу бассейні сияқты әлеуметтік нысандар іске қосылған.

Бүгінгі бас жоспар бойынша шаһар территориясы бірнеше есеге өскен. Шымкент қаласының шекарасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 18 қазандағы №1110 Қаулысымен бекітілді. Нәтижесінде, қаланың шекарасы 40 мың гектардан 117 мың гектарға дейін ұлғайды. Яғни бұл 2,9 есеге өсті деген сөз.

ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің арнайы әдістемесімен есептелінген Шымкент агломерациясына «Шымкент-Арыс», «Шымкент-Бәйдібек», «Шымкент-Қазығұрт», «Шымкент-Ордабасы», «Шымкент-Сайрам», «Шымкент-Төлеби», «Шымкент-Түлкібас» енген. Қала территориясын кеңейтуде, елді мекендерді топтастырғанда басқа елдердің тәжірибесіне көңіл бөлінген.

Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы іргелес жатқан Сайрам, Төлеби, Ордабасы аудандарындағы елді мекендермен сабақтас. Қазіргі қаланың дамуына жаңа серпін беріп, жаңа жерлерді игеру үшін қаланың жаңа бас жоспары әзірленген. Бас жоспарға сәйкес, жоғарыда аталған аудандардан 40 елді мекен қала шекарасына енгізілген. Бұл елді мекендер ауыл типтес салынған. Осыны ескере келе, бұл елді мекендерге тұрғын үй алабы статусын беру жөнінде шешім қабылданды. Аталған елді мекендерді топтастыру барысында, біріншіден, қаладағы 3 аудан шекарасының жақындығына қарай, сол ауданның шекараларына қосылған. Оның ішінде: Еңбекші ауданынан 20 елді мекен, Абай ауданынан 13-і, Әл-Фараби ауданына 7-і қосылған.

Екіншіден, орналасқан жерлерінде халыққа тиімді мемлекеттік қызмет көрсетуді оңтайлы ұйымдастыру үшін аудан әкімдіктерінің жанынан халықпен жұмыс жасау бөлімдері ашылған. Шымкент жанындағы елді мекендерге де қарқынды дамуы қажет екендігі айдан анық. Ол үшін ірі қалаға жақын орналасқан аудандарда өндірістік зоналарды құру әдістері жетілдіруде.

«Оңтүстік» индустриялық аймақтың жетістіктеріне, жаңа индустриялық аймақтарды дамыту мәселелеріне көп көңіл бөлінген. Жергілікті шикізатты қолданатын, іргелес салаларды дамытуға негіз жасайтын жоғары технологиялық кәсіпорындарды дамыту үшін, 2014 жылдан бастап, қала аумағында жаңа индустриялық аймақтарды дамыту жоспары жасалған. Атап айтар болсақ, Жұлдыз елді мекенінде 76,2 гектар жер телімінде, Тассай елді мекені жанында 89 гектар жер телімінде, Текесу елді мекені жанында 95 гектар жер телімінде индустриялық аймақ болмақ [4].

Бірінші кезеңде ағымдағы жыл ішінде индустриялық аймақтардың техникалық-экономикалық негізде-мелері мен жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленген. Екінші кезеңде, мемлекеттік қолдаудың бірден-бір құралы болып табылатын инженерлік инфрақұрылымының құрылысын салу назарға алынған. Қала территориясының кеңеюі қарапайым халыққа экономикалық және саяси жағынан пайда келтіруде.

Екіншіден, жаңа жерлерді игеру арқылы қала құрылысын дамытады. Бұл азаматтарды баспанамен қамту, «Қол жетімді тұрғын үй-2020», «Бизнестің жол картасы-2020», «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламаларын іске асыруға мүмкіндік берген.

Үшіншіден, шағын және орта бизнестің дамуына ықпал жасайды.

Төртіншіден, қала экономикасына мемлекеттік бюджеттен және жеке инвесторлардың есебінен ауқымды инвестициялар тартылып, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік ашылады. Осының барлығы сайып келгенде қала тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін жақсартып, табыстарын молайтуға жағдай жасайды.

2017 жылға қарай Шымкент қаласының халық саны 1 млн. адамға жетеді деген болжам бар. Миллион

тұрғынының жайлы өмір сүруі үшін мынандай жағдайлар жасалмақ? Халық санының артуымен әлеуметтік нысандарға деген қажеттіліктің де артатыны белгілі. Шымкент қаласының бас жоспарына сәйкес 2025 жылға қарай білім беру саласында 136,5 мың оқушыға арналған жалпы білім беру мекептерін салу, 102,2 мың орынға арналған мектепке дейінгі мекемелерді салу жоспарланған.

Өткен жылы 1200 орынды 2 жаңа мектептің құрылысы пайдалануға берілген. Сонымен қатар, алты мектепке қосымша құрылыстар жүргізіліп, оның төртеуі іске қосылған. Республикалық бюджет есебінен халықаралық білім стандарттарына сай, екі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» пайдалануға берілген [5].

2014 жылы бюджеттен 7 жаңа мектептің құрылысына 3,5 млрд. теңге және 10 мектептің қосымша құрылысына 2,4 млрд. теңге қаржы қаралған. Нәтижесінде, биылғы жылы жаңа үш мектеп және алты мектептің қосымша құрылыстары пайдалануға беріледі. 1830 орындық 7 типтік балабақша құрылысын жүргізуге 1,9 млрд.теңге қаржы жоспарланған. Оның ішінде 860 орындық 4 балабақша құрылысы ағымдағы жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Денсаулық сақтау саласына келетін болсақ, 2013 жылы қалада 4 нысанның құрылысы жүргізіліп, Нұрсәт шағынауданындағы №3-ші емхана пайдалануға берілген. 2014 жылы бюджеттен 7 денсаулық сақтау нысандарының құрылысына 345,6 млн. теңге қаржы қаралған.

Шымкент қаласының ірі орталыққа айналуы қала тіршілігіне серпін берері анық. Бұған аэропорт, теміржол вокзалдардың дайындығы, осы нысандарды заман талабына лайықты кеңейту, жаңарту мәселелері қарастырылған.

Әрине, халық санының өсімін, жолаушылар ағынын ескере келе, аталған нысандардың құрылыстары жоспарға енгізілген. Оның үстіне, Оңтүстік Қазақстан облысы мешіттер мен мінәжат орындарына бай. Бұл өз кезегінде қаланың қызмет көрсету (сервис) сапасын жақсартуды талап етеді. Бас жоспар бойынша Шымкент әуежайын қала сыртына көшіріп, заманауи талаптарға сай құрылысын салу, қаланың солтүстік жағынан жүк-іріктеу стансасы қарастырылып, «Шымкент-2» жолаушылар терминалын ұйымдастыру жоспарланған.

Жыл сайын Шымкентке қоныс аударушылардың қатары артуда. Жұмыс іздеп келушілер саны жоғарлаумен, демографиялық жағдайда өзгеруде.

Елбасы биылғы Жолдауында Шымкентті урбанистік ірі қалалардың үштігіне қосты. Оның басты себебі, Сайрам, Төлеби, Ордабасы, Қазығұрт аудандары жапсарлас орналасқандықтан, күнделікті табыс табу үшін қалаға келіп-кетушілер легі жоғары болуында деп ойлаймыз. Одан бөлек, ірі кәсіпорындар, оқу орындары, денсаулық сақтау мекемелері, қаржы орталықтары, ойын-сауық, демалыс орындарының негізгі бөлігі қалада орналасқан. Бұл да халықтың қалаға тартылуының басты факторларының бірі. Қалаға қоныс аударушылар саны, статистикалық мәлімет бойынша, жыл сайын орташа есеппен 6,5 мың адамды құрайды. Қаланың орташа демографиялық өсімі жыл сайын 3 пайызды немесе 15,3 мың адам. Жыл сайынғы туу деңгейінің көлемі 18 мың баладан келеді [6].

2014 жылдың 1 сәуіріндегі статистикалық мәліметке сәйкес, қала халқының саны 687,1 мың адам. Шымкент қаласының әкімшілік шекарасы 40 мың гектардан 117 мың гектарға дейін ұлғайып, Сайрам, Төлеби, Ордабасы аудандарынан 146 мыңнан астам халқы бар 40 елді мекен қосылды. Қазіргі таңда қала халқының саны 833,1 мың адамды құрайды.

Жұмыссыздық мәселесіне келетін болсақ, қалада экономикалық белсенді халық саны 343,7 мың адам. Оның ішінде жұмыспен қамтылған халық саны 321,4 мың адам, өздігінше жұмыс жасайтындардың саны 78,5 мың адам. Жұмыссыздық деңгейі 2011 жылғы 6,9 пайыздан 2013 жылы 6,6 пайызға дейін төмендеген. 2013 жылы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне өтініш білдірген 21 179 азаматтың 97 пайызы немесе 20 569-ы жұмыспен қамтылған.

Жаңа жұмыс орындары ашылумен қатар, қалаға табыс көзін іздеп келушілер арта түсуде. Осы орайда әлеуеті төмен елді мекендерден жұмыс іздеп келгендерді тұрақты жұмысқа орналастырып, баспанамен қамтамасыз ету қолға алынуда. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы аясында 2013 жылы «Нұрсәт» шағынауданында 480 пәтерлі 6 көпқабатты тұрғын үй салынып, облыстың әлеуеті төмен аудандарынан 73, ата-ана қамқорлығынсыз қалған 212 жетім бала, аз қамтамасыз етілген 39, жалпы 324 отбасы қоныстанған.

Қалада «Бизнестің жол картасы-2020» және «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламаларының іске асырылуымен еңбек нарығындағы көрсеткіштер жақсарған. 2013 жылы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне 21 179 азамат жұмысқа орналасу бойынша өтініш білдіріп, оның 97 пайызы немесе 20 569 азамат жұмыспен қамтамасыз етілген. Жаңа жұмыс орындары негізінен «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», бағдарламасының шеңберінде іске қосылған өндіріс орындарында, экономиканың қызмет көрсету, сауда, мемлекеттік қызмет көрсету салалары ашылған.

Әр өңірдің өзіне тән дамыту бағдарламасы бар екені белгілі. Айталық, Астананы инновациялар қаласы санаймыз. Шымкент қаласы қандай жағдайда дамитынына көңіл бөлетін болсақ, онда мынандай мәліметтерді келтіруге болады. 2011 жылы Шымкент қаласының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілген. Бағдарламаның негізгі мақсаты – Шымкент қаласын 2015 жылға қарай бір миллионға жуық халыққа қызмет көрсете алатын мегаполиске айналдыру болып табылады.

«Оңтүстік» индустриялық аймақтың жетістіктеріне және де алдағы жылдарда мемлекеттік, салалық және өңірлік даму бағдарламаларында индустриялық аймақтарға ерекше назар аудару негізінде жаңа индустриялық аймақтарды дамыту мәселелеріне көп көңіл бөлінген [7].

Жергілікті шикізатты қолданатын, іргелес салаларды жетілдіру негіздерін жасайтын жоғары технологиялық кәсіпорындарды дамыту мақсатымен ағымдағы жылдан бастап қала аумағында жаңа индустриялық аймақтарды дамыту жоспарланған. Мәселен, Жұлдыз елді мекені аумағында 76,2 га, Тассай елді мекені жанында 89 га, Текесу елді мекені маңында 95 га жер телімін дамыту көзделген. Бірінші кезеңде ағымдағы жылы индустриялық аймақтардың техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленген. Инженерлік инфрақұрылымның құрылысын салу екінші кезеңде, содан соң отандық және шетелдік инвестициялармен өңдеу өнеркәсібінің инвестициялық жобаларын белгіленген тәртіппен іріктеу жұмыстары ұйымдастырылып, іске асырылады [8].

Қаланың кеңеюінің қарапайым халыққа беретін пайдасы:

Біріншіден, бұл қаланың әлеуметтік-экономикалық даму қарқынынан туындаған мәселе. Екіншіден, осы қадам арқылы қала құрылысын, оның ішінде тұрғын үй құрылысын дамытуға мүмкіндік туады. Бұл дегеніміз азаматтарды баспанамен қамтуға, «Қолжетімді тұрғын үй-2020», «Бизнестің жол картасы-2020», «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламаларын іске асыруға жол ашылады деген сөз. Үшіншіден, шағын және орта бизнестің дамуына ықпал жасайды. Төртіншіден, қала экономикасына мемлекеттік бюджеттен және жеке инвесторлардың есебінен ауқымды инвестициялар тартылып, жаңа жұмыс орындары құрылады. Осының барлығы сайып келгенде, қала тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін, табысын молайтуға жағдай жасайды.

Шымкент агломерациясының қарқынды дамуына кедергі болып отырған мынандай мәселелерді келтіруге болады. Агломерацияның дамуы негізінен инженерлік-коммуникациялық жүйелердің жағдайына байланысты. Облыс орталығымен іргелес жатқан елді мекендерде бұл мәселе қалаға қарағанда кенжелеп қалған. Оның үстіне ауданаралық көлік ағыны жоғары болғандықтан магистральдық жолдардың біразы жарамсыз. Сондай-ақ, ауызсу, электр, газ, кәріз жүйелерін мемлекеттік стандарттарға сәйкес қайта құру қажет. Осы мәселелерді ескере келе, облыстық деңгейде Шымкент агломерациясын дамыту бойынша арнайы іс-шаралар жоспары бекітілген. Онда мынадай негізгі мәселелер ескерілген. Біріншіден, көлік инфрақұрылымына байланысты Шымкент агломерациясына енетін Ордабасы, Сайрам, Төлеби, Бәйдібек, Түлкібас, Қазығұрт аудандарында іргелес жатқан елді мекендердің жолдарын байланыстыратын көлік жолдары I Б категориясы дәрежесіне жеткізілу көзделген. Ал «Шымкент-Ташкент» автомобиль жолы қайта жөнделуде [9].

Екіншіден, энергетика саласын дамытуда қаланың солтүстік бөлігін жылумен қамтамасыз ететін қуаты 160 Гкал қазандық құрылысы жүргізіледі. Биыл аталған жоба құрылысына 700 млн. теңге бөлінген. Сапалы электр қуатын жеткізетін қуаты 220 кВт «Бозарық», қуаты 110 кВт «Астана-1,2», «Нұрсәт», «Солтүстік» подстанцияларын салу жоспарланды. Қазіргі таңда қуаты 220 кВт «Бозарық» подстанциясының жобалық-сметалық құжаттарын дайындап, республикалық бюджеттен қаржы бөлу жоспарлануда.

Үшіншіден, ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында қаланың солтүстігі мен оңтүстігін магистральдық су құбырымен шеңберлеу арқылы жаңа шағынаудандарға су көздерін тарту жоспарланған. 2013 жылы оңтүстік бөліктегі магистральдық су құбырының құрылысы аяқталды. Бұл нысан 6 елді мекенді ауызсумен қамтамасыз етеді. Құрылысы жүріп жатқан солтүстік су құбырын ағымдағы жылы пайдалануға беру жоспарланған. Нәтижесінде 6 елді мекен су көзіне қосылған.

Төртіншіден, кәріз желісінің құрылысын дамыту қажет. Қазіргі таңда қаланың орталық бөлігі (көпқабатты тұрғын үйлер орналасқан шағынаудандар), яғни тұғынушылардың 42 пайызы ғана кәрізбен қамтылған. Ал жаңа тұрғын үй массивтеріндегі әлеуметтік, түрлі қызмет көрсету нысандары, тұрғын үйлер септиктерін қолданады. Осыған байланысты кәріз жүйесін дамыту мақсатында қалалық бюджет есебінен жаңа шайынды су ғимаратының құрылысын салу үшін техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалуда. Жобада ластанған суды қайта тазартудан өткізіп, өсімдіктерді суаруға пайдалану қарастырылған.

2017 жылға қарай Шымкент қаласы тұрғындарының саны 1 миллионға жетеді деп болжануда. Миллион адамның жайлы өмір сүруі үшін қандай жағдайлар жасау қарастырылуда? Әрине, жаңадан салынатын мектеп, аурухана, басқа да әлеуметтік нысандар туралы айтуға болады.

Тұрғындар санының көбеюімен бірге әлеуметтік нысандарға қажеттілік те артады. Ел Үкіметінің 2012 жылғы 3 қыркүйектегі қаулысымен бекітілген Шымкент қаласының Бас жоспарына сәйкес 2025 жылға қарай білім саласында 136,5 мың оқушыға арналған жалпы орта мектептерін салу (қазір 94,2 мың орын), 102,2 мың орынға арналған мектепке дейінгі мекемелерді салу (қазір 22,1 мың орын) көзделуде. 2013 жылы қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайына талдау жасалып, әлеуметтік-экономикалық картасы әзірленді. Осы картада шет аймақтардағы 41 шағынаудандағы инженерлік-коммуникациялық жүйелерді кезең-кезеңімен шешу жолдары қарастырылған [10].

Шымкенттің қаласының тағы бір ерекшелігі – бизнес жасау мәдениеті айтарлықтай дамыған. Оңтүстік өңірі еліміздегі жасыл аймақтардың бірі және туристік мінәжат ету орындарының көптігі. Осындай құндылықтарды ескере келе, стратегиялық мақсат – шикізат ресурстарын барынша пайдалана отырып, өндірістік саланы әртараптандыру мен жаңғырту жолымен қаланы дамыту болып табылады. Келешекте Шымкент қаласын ірі өндірістік-инновациялық және көліктік-логистикалық, білім беру, ғылым, мәдени әрі туристік орталық ретінде дамыту басты назарда тұр.

1 Оңтүстік Қазақстан Облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. - 560 бет.

2 Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жолдауы: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». - Астана: 17 қаңтар 2014 ж.

3 Южно-Казахстанской области – 2006-2010 гг. web: www.farsah.kz, e-mail: info@farsah.kz

4 Байтанаев, Б.А. Шымкенттегі Жәми мешіті = Мечеть Джамии в Шымкенте: архитектуралық-археологиялық зерттеулер / Бауржан Абишевич Байтанаев, Юрий Андреевич Елгин; ҚР білім және ғылым м-гі, Ғылым ком., Ә.Х. Марғұлан атын. археология ин-ты [және т.б.]. - Алматы: Ин-т археологии им. Марғұлана, 2012. - 174, [2] б. - (Ғылыми қазына). Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.

5 Ұлы Жібек жолы [Электронды ресурстар]: мультимедиялық презентация - Алматы, RGB-studio - 2007. Великий шелковый путь GREY SILK WAY. - электрон. Мәлім. Электрон. Граф. Мәлім: 1 электрон. опт. диск (CD-ROM): эв., цв. Әлемдік Ұлы Жібек жолы.

6 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» жоспары бойынша 2007 жылы атқарылған жұмыстардың анықтамасы. Астана қаласы, 2008 жыл 22 ақпан 21 бет.

7 kk.wikipedia.org/wiki/

8 otyrar.gov.kz/

9 ontustik.gov.kz/gw/akimat-audan-otrar

10 oko.prokuror.kz/kaz/sub/otyrar

Резюме

Перспективы и важность агломерации города Шымкента

Г.А. Абдикаримова – кандидат педагогических наук, доцент,

А.А. Киякбаева – магистрант 2 курса специальности «География»

Казахский национальный педагогический университет им. Абая

Южно-Казахстанская область, имеет особое значение в стране. Она одна из областей, которая хорошо сохранила вековые традиции и религию, и оспорить это невозможно. Город Шымкент, который является центром, знаменит не только в Казахстане, но и на весь мир. Нет никого кто не обратил бы внимания, при названии города Шымкент. Жители Юга вносят существенный вклад в рост демографии страны. Высокая рождаемость в регионе, возможно, объясняется тем, что жители строго соблюдают все обычаи и традиции. Административный и политический центр города Шымкент. Он состоит из двенадцати крупнейших районов. Каждый из них индивидуален по-своему. По Генеральному плану города в будущем архитектура и красота города будут скоординированы так, чтобы экономически эффективно использовать земельные ресурсы, а также приоритет будет отдаваться высотным зданиям, что позволит эффективно управлять инфраструктурой. Город Шымкент в будущем будет третьим архитектурным городом в стране. Чтобы превратить город в 3-й город в стране, осуществляется ряд проектов. Почти все из этих проектов, находятся под непосредственным контролем акима области. Что касается конкретных проектов на благо народа, создаются новые рабочие места за счет расширения производственных мощностей в городе, повышение источников дохода в казну города, для того, чтобы создать конкурентоспособную продукцию, на территории бывшего завода фосфата была создана "Южная индустриальная зона".

Ключевые слова: агломерация Шымкента, демография, религия и традиции, Новый Генеральный план, проект, третий архитектурный город, Южная индустриальная зона

Summary

Perspektivy i vazhnost' aglomeratsii goroda Shymkenta

G.A. Abdikarimova – candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor

A. A. Qiyakbaeva -2-letniy undergraduates specialty "Geography" Kazakh National Pedagogical University. Abaya

South - Kazakhstan is of particular importance in the country. It is one area which is well-preserved ancient traditions and religion, and it is impossible to challenge. Shymkent, the center, is famous not only in Kazakhstan, but also for the whole

world. There is no one who would not pay attention when the name of the city of Shymkent. Residents of the South make a significant contribution to the growth of the country's demographics. High birth rates in the region, possibly due to the fact that the residents strictly comply with all customs and traditions. The administrative and political center of the city of Shymkent. It consists of twelve major areas. Each of them is unique in its own way. According to the general plan of the city in the future architecture and beauty of the city will be coordinated so that cost-efficient use of land resources, and priority will be given to high-rise buildings that will effectively manage the infrastructure. Shymkent in the future will be the third architectural city in the country. To turn the city into the third city in the country, a number of projects. Almost all of these projects are under the direct control of the governor. With regard to specific projects for the benefit of the people, creating new jobs through the expansion of production facilities in the city, increasing the sources of income to the treasury of the city, in order to create competitive products on the territory of the former phosphate plant it was created "South industrial zone."

Keywords: Agglomeration of Shymkent, demography, religion and traditions, New General plan, project, the third architectural city, South industrial zone

ӘӨЖ 373.1.013:37.033/.035

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Ш.Ш. Карбаева – п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан, Алматы қ.,
С.Д. Патаев – Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты, Қазақстан, Алматы қ.

Мақалада Қазақстанның химия өнеркәсібінің даму болашағы сипаттала келе, Жамбыл облысы мысалында индустриалды инфрақұрылымның құрылуы және химия өнеркәсібі жобаларын жүзеге асыру сипатталады.

Қазақстан экономикасының барлық салаларында химия өнеркәсібі дамуының маңызы зор. Химияның жетістіктері машина жасау, автомобиль және әуе көліктерін құрастыру, энергетика, орман шаруашылығы және ауыл шаруашылығында бәсекеге қабілеттілікті анықтайды.

Сонымен қатар ұсынылып отырған мақалада химия өнеркәсібінің тарихи орталығы болып саналатын Жамбыл облысының химия өнеркәсібінің қазіргі даму бағыттары қарастырылады. «Тараз» химиялық паркі» арнайы экономикалық зонасы мысалында индустриалды-инновациялық бағдарламаны жүзеге асыру көрсетілген.

«Тараз» химиялық паркі» АЭЗ Жамбыл облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын арттырушы аймақтағы химия саласының даму потенциалы болып табылады. АЭЗ әлемдік стандарттарға сәйкес жоғары бәсекелестіктегі химия өнімдерін өндіруде шетелдік және отандық жоғары тиімді, экологиялық таза алдыңғы қатарлы инновацияларды қолдануға бағдарланған.

Түйін сөздер: химия өнеркәсібі, химия өнімдері, индустриалды инфрақұрылым, индустриалды-инновациялық бағдарлама, бәсекеге қабілеттілік, әлемдік стандарт, арнайы экономикалық зона, әлеуметтік-экономикалық даму, жоғары тиімді және экологиялық таза өнім

Дүниежүзілік экономикада химия өнеркәсібінің маңызы зор, оның өнімдері қазіргі кезде өнеркәсіптің барлық салаларымен байланыса келе, тұтынылатын тауардың 96% өндірісте пайдаланылады. Жалпы, химия өнеркәсібі ауыр өнеркәсіптің жетекші салаларының бірі, шикізаттар мен материалдарды өңдеуге негізделген өндіріс кешені. Соңғы жылдары дамушы елдер белсенді түрде химия саласының дамуына жағдай жасап, көптеген инвестицияларды бөлуде. Осыған орай біздің елімізде де химия өнеркәсібінің дамуы дұрыс жолға қойылып отыр.

Химия өнеркәсібі – Жамбыл облысы өңдеу өнеркәсібінің басты саласының бірі болып табылады, оның өнімдерінің көлемі қазіргі кезде бірқатар артып, саланың өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі – 25,6% құрап отыр. Облыстың химия саласы құрамында фосфоры бар шикізат өндіру, тыңайтқыштарды қоса алғанда құрамында фосфоры бар өнімдер өндіруге негізделген. Химия өнеркәсіптерінің қуаттары республиканың қажеттілігін өтеп қана қоймайды, сонымен қатар өнімдерін әлемдік нарыққа шығаруға да мүмкіндіктері бар [1].

Алайда, қазіргі әлемдік дағдарыс салдарынан машина жасаудағы, құрылыстағы, ауыл шаруашылығындағы, Евроодақтағы сары фосфор өніміне деген сұраныстың күрт төмендеуінен сары фосфор мен минералды тыңайтқыштар бағасының төмендеуінен және электр қуаты, табиғи газ), электр қуатын тасымалдау, сондай-ақ теміржол тасымалы бағасының өсімінен химия өнімдерін өндіру төмендеп отыр. Жалпы облыстағы химия өнеркәсібіне жасалған талдаудан байқайтынымыз сала бойынша сары фосфор өндірісі – 10,1%, азотты тыңайтқыштар – 6,8%, фосфорлы тыңайтқыштар – 8,6% артқан, сонымен қатар фосфорлы қышқыл өндірісі 13,0%, натрий триполифосфаты – 18,1% төмендеген. Бүгінгі таңда еліміздегі ірі Қаратау фосфоритінен фосфор тыңайтқыштарын өндіру республикада жолға қойылып отыр. Қаратаудағы фосфорит базасының негізінде Қазақстан мен Орталық Азиядағы суперфосфат зауыттары жұмыс істейді. Солардың бірі – Тараз суперфосфат зауыты. Бұл қаладағы "Казфосфат" ЖШС-ның маңызы зор, ол

республикадағы химия өнеркәсібінің жалпы көлемінде 98,2%-ды құрайды. Облыстағы Қаратау фосфориттік бассейнінде біздің республикамызда ғана емес, бүкіл ТМД елдерінде теңдесі жоқ фосфат шикізатының өте ірі қорлары бар. Компания сары фосфор, минералды тыңайтқыштар және азотты-фосфатты тыңайтқыштар сияқты 20 түрлі өнім шығарады және оның өнімдері жақын және алыс шетелдерге жіберіліп, одан түскен пайда ел экономикасын көтеруге мүмкіндік беріп отыр. «Қазфосфат» ЖШС компаниясының құрамында фосфарит өндіретін және оны өңдейтін ГПК «Қаратау» ТӨК мен «Шолақтау» ТӨК-і, Жаңа Жамбыл фосфор зауыты өндірістік бірлестігі, «Минералды тыңайтқыштар» зауыты тәрізді ірі өндіріс орындары бар. Фосфорлық тыңайтқыш өндіруде күкірт қышқылы қажет екені белгілі, бүгінде «Қазфосфат» ЖШС-де елімізде баламасы жоқ күкірт қышқылын шығаратын жаңа цехтың іске қосылуы еліміздің әлемдік рыноктағы беделін өсіріп, бәсекеге қабілеттілігінің артуына да ықпал етуде, себебі, оның өнімдері негізінен сыртқа шығаруға (экспортқа) бағытталған. Күкірт қышқылын өндіру цехының жобасын ресейлік «НУИИФ» ААҚ және қазақстандық «КАЗНИИХИМПРОЕКТ» серіктестігі бірлесіп дайындаған. Компания күкірт қышқылын бұрын Өзбекстан және т.б. шет мемлекеттерден алдыруға мәжбүр болып келсе, ендігі жаңа цехтың іске қосылуы облыстың экономикалық қоржынын толықтырып, шикізаттың құнын арзандатылып, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер минералды тыңайтқышпен қамтылатын болады.

Сонымен қатар соңғы жылдары компания өндіріске пеш газын кәдеге жарату жүйесі; тағамдық ортофосфор қышқылын шығару өндірісі; түйіршіктелген натрий үшполифосфатын шығаратын өндіріс; Чехия елінің «Fosfa» a.s.» компаниясымен бірлесе отырып қолға алынған натрий гексаметафосфатын шығаратын өндіріс; фосфор шламын кәдеге асыру өндірісі; сары фосфорды зиянды органикалық қоспалардан тазарту өндірісі сияқты бірқатар инвестициялық жобаларды енгізді. Бұл жобалардың енгізілуі фосфор өндірісі қалдықтарын молырақ пайдалануға, қала мен облыстың экологиялық ахуалын жақсартуға, қуат ресурстарын үнемдеуді қамтамасыз етуде, даяр өнімнің өзіндік құнын түсіруге, жаңа жұмыс орындарын ашып, өнімді жоғарғы қосымша құнмен шығаруға, шығарылатын өнімнің өзіндік құнын түсіруге, шығарылатын өнім ассортименті мен өткеру рыногының аясын кеңейтуге мүмкіндік берді [2].

Инфрақұрылымның барлық түрлерін одан әрі дамыту, бұл ретте индустриялық-инновациялық даму аясында химия өнеркәсібін өркендетудің маңызы зор. Қазақстандағы өндірістің барлық салаларында экономикалық дамуында химия өнеркәсібінің жетістіктері машина жасау, автомобил құрастыру, әуе кемелерін жасау, энергетика, орман шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы секілді салалардың бәсекеге қабілеттілігін айқындайды.


Аймақтағы химия өнеркәсібінің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде бірқатар ірі өндіруші компаниялармен ұсынылған :« Қазфосфат» - елде химиялық өнімдердің ірі өндірушісі, «Химпром», «ЕвроХим» және басқалар. Соңғы жылдары, химия өнеркәсібінде ірі инвестор фосфат өндіру және фосфат тыңайтқыштарын өндіру өткізген «Еврохим» (360 млрд теңге (\$ 2 млрд. АҚШ) болды.

Химия өнеркәсібінің өсімі Жамбыл облысының өсіп-өркендеуі мен тұрғындары үшін жаңа жұмыс орындарын қамтамасыз етеді. Мысалы, облыстық әкімшіліктің болжамы бойынша «Тараз» химиялық паркі» халықты 2400 жуық жұмыс орнымен қамтиды [3].

Химия өнеркәсібінің қазақстанда дамуына осы саламен металлургия саласының бірлесіп, яғни металлургия қалдықтарынан, қосалқы өнім ретінде бөлініп шыққан заттарды шикізат үшін пайдалануына байланысты. Мысалы, Шығыс, Орталық және Оңтүстік металлургия өнеркәсібінен шығатын өндірістің жанама газдарынан күкірт қышқылы алынып, осы аймақтардағы ірі фосфор тыңайтқыштарын шығаратын өндірістерге беріліп отырылады. Экономистердің есебі бойынша тасталатын жанама металлургиялық газдардан алынған күкірт қышқылының өзіндік құны табиғи шикізаттан алынған қышқылдан екі есе арзанға түседі және 1 тонна өнімге жұмсалатын тиісті қаржының мөлшері де 2,1 есе төмен [8].

Қазіргі таңда химия өнеркәсіптері жаңа инновациялық және бәсекеге қабілетті өндіріс орындарын ашу үстінде үздіксіз жұмыс атқаруда, өнімнің қосымша құнын арттыру әлеуетін пайдалана отырып инвестициялық жобалар іске асырылуда, Мысалы, «Тараз» химиялық паркі» экономикалық аймағы, «Talas Investment Company», «ЕвроХимУдобрения» және басқа да аса ірі компаниялардың іргелі жобалары.

«Тараз» химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағы Елбасының бұйрығымен (««Тараз» химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» ҚР Президентінің 13.11.2012 жылғы №426 бұйрығы) Шу ауданында құрылған (1-сурет).



Сурет 1. «Тараз» химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағының географиялық орналасуы

Арнайы экономикалық аймақты құрудағы мақсат – сырттан келетін тауарларды айырбастайтын және тауарды сыртқа шығаруға бағдарланған, жоғары технологиялық әрі бәсекеге қабілетті химия өнімдері өндірісі үшін қолайлы жағдай туғызу, сонымен қатар әлемдік жетекші компанияларды тарту арқылы заманауи экологиялық қауіпсіз технологияларды қолдану есебінен химия өнеркәсібін дамыту және оған қолдау көрсету болып табылады [4].

«Тараз» химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағы Қазақстандағы басқаруы мемлекеттік емес алғашқы зона. Бұл әлемдік стандарт талаптарына жауап бере алатын инфрақұрылымды құруда химиялық және техопарктерді құруда озық тәжірибесі бар Сингапурдың Jurong Consultants Ltd. компаниясы халықаралық кеңесші болды.

Арнайы экономикалық аймақта өндірілетін негізгі өнім түрлері Жамбыл облысындағы жергілікті тау-кен химиясы кен орындарының шикізаттарымен, мысалы, Қаратау фосфориті бассейніндегі фосфорит қорлары, Мақбел және Жанатас кварцит, Шу-Сарысу ойысындағы табиғи газ, сарысу ауданындағы тұз кен орындары және т.б. қамтамасыз етіледі.

«Тараз» химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағының басым бағыттарына а) химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру; ә) резина және пластамсса бұйымдарын өндіру; б) басқа да метал емес минералды өнімдер өндіру; в) химия өндірісі үшін машина және құрал-жабдықтар өндіру жатады.

Қазіргі таңда облыстың химия саласының даму қарқыны жақсы көрсеткіштерді көрсетіп отыр. Болашақта химия саласы облыс өнеркәсібінің әлеуетін алға сүйрейтін бірден-бір жетекші саласы болатындықтан оған мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілуде. Соның арқасында өңірдің химия саласына 2020 жылға дейін 900 млрд теңгеден астам инвестиция тартылмақшы. Мұндай мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау аймақ экономикасының дамуына жаңа серпін берері анық.

1 Ахметов Е.А., Бердығұлова Г.Е. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы: оқу құралы. – Алматы, 2012. – Б. 376-380.

2 Жамбыл өңіріндегі жетекші жобалардың бірі де, бірегейі. [Арнайы сайт]. https://i-news.kz/news/2014/11/07/7798303-zhambyl_onirindegi_zhetekshi_zhobalardyn.html (қараған күні: 18.09.2015).

3. ««Тараз» химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» ҚР Президентінің 13.11.2012 жылғы №426 бұйрығы/Егемен Қазақстан, 07 желтоқсан, 2012 ж.

4 Кабдрахманова С.К. и др. Влияние химической науки на развитие промышленности Республики Казахстан. – Алматы, 2012. – Б. 74-82.

5 Увалиев Ю.К. Получение термофосфатов из фосфоритов Каратау с применением природного глоуберита. – Алматы, 2011. – 58 с.

6 Экономика химической промышленности/ под ред. Клименко В.Л.- Л: 2010. – 288 с.

7 Peter Pollak // Fine Chemicals: The Industry and the Business, 2007 year – 128 p.

8 Еременко В.А., Печеркин А.С., Сидоров В.И. // Хим. пром., 2012, - №3, – С. 56-60.

Резюме

Современные направления развития химической промышленности Жамбылской области

Ш.Ш. Карбаева - к.п.н., доцент КазНПУ им. Абая, Казахстан, г. Алматы

С.Д. Патаев - магистрант КазНПУ им. Абая, Казахстан, г. Алматы

В статье описывается перспективы развития химической промышленности Казахстана, формирование индустриальной инфраструктуры и реализация проектов химической промышленности, на примере Жамбылской области. Развитие химической промышленности в экономике практически всех отраслей производства Казахстана имеет огромное значение. Достижения химии определяют конкурентоспособность таких отраслей, как машиностроение, автомобилестроение, авиастроение, энергетика, лесная промышленность, легкая промышленность и сельское хозяйство. Наряду с этим в предоставленной статье рассматриваются современные направления развития химической промышленности Жамбылской области, которой исторически является центром химической промышленности. Представлены реализация индустриально-инновационной программы развития химической промышленности области, на примере СЭЗ «Химический парк «Тараз». Специальная экономическая зона (СЭЗ) «Химический парк «Тараз» является потенциалом развития в регионе химической отрасли и повышением социально-экономического развития Жамбылской области. СЭЗ ориентирована на применение передовых высокоэффективных, экологически чистых зарубежных и отечественных инноваций, позволяющих производить высококонкурентную химическую продукцию, соответствующую мировым стандартам.

Ключевые слова: химическая промышленность, химическая продукция, индустриальная инфраструктура, индустриально-инновационная программа, конкурентоспособность, мировой стандарт, специальная экономическая зона, социально-экономическое развитие, высокоэффективный и экологический чистый продукт

Summary

Modern lines of development of chemical industry of Zhambyl region

Sh. Sh. Karbayeva - Associate Professor of Regional Geography and Tourism Chair, Cand. Sc.,

Kazakhstan, Almaty, Kazakh National Pedagogical University named after Abay,

Samat D. Patayev - Kazakh National Pedagogical University named after Abay,

Master of the department of geography and tourism

19 Пралиев К.Д., Ю В.К., Ахметова Г. С. *Синтез некоторых оксимов пиперидинового ряда // Изв. МОН РК, НАН РК, Серия хим. – 2000. - №1. - С. 96-101.*

Түйін

Просидолдың жаңа туындыларының қатарынан ФБЗ іздеу

Г.С. Ахметова - х.ғ.д., «А.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ, Алматы қ.,

gulgakhmet@rambler.ru, +7 701 769 32 07

- А.Ж. Өтеш** - 1 курс магистрант, Қазақ-Британ техникалық университеті, Алматы қ.,
Ф.М. Садырбаева - 1 курс Ph докторант, Қазақ-Британ техникалық университеті, Алматы қ.,
В.К. Ю - х.ғ.д., профессор, «А.Б.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ, Алматы қ.,
К.Д. Пралиев - ҚР ҰҒА академигі, «А.Б.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ, Алматы қ.,
Л.Н. Исакова - инженер, «А.Б.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ, Алматы қ.,
У.Б. Исаева - 1 курс магистрант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,
Г.И. Мейірова - х.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,
Р.Идрисова - х.ғ.к., профессор, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

Синтетикалық органикалық химияның басты мақсаты медицинада дәрілік заттар ретінде, ал ауылшаруашылығында пестицидтер ретінде қолданыс табуы мүмкін отандық шынайы және сапалы биологиялық белсенді заттарды іздеу мен алуға бағытталған алғашқы зерттеулерді қарқынды дамыту болып табылады. Бүкіл әлемде қаныққан азотты гетероцикл туындыларының арасынан, жаңа дәрілік заттарды іздеуге бағытталған бағыттардың арасынан, ең алдымен пиперидиннен, әлдеқайда көп көңіл бөлінуде, себебі олар табиғи қосылыстар: алкалоидтар, азастероидтар, нейротоксиндер және т.б. қатарының құрылымдық негізін құрайды. Азациклан туындылары жаңа әсері жоғары дәрілік заттарды, тағы ауылшаруашылығы препараттарын алу мақсатында әсер ету аясы кең биологиялық белсенді зат ретінде тәжірибелік қызығушылық туғызуда.

Жоғарыда келтірілгенмен байланысты осы зерттеу аясында потенциалды фармакологиялық белсенді қосылыстарды синтездеу мақсатында 1-(2-этоксиперидин)-4-оксопиперидин (просидолды кетон) негізінде екіншілік және үшіншілік фенилацетиленді спирттер, тағы сәйкес кетоксим синтезделініп алынды. Артық қатынаста алынған циклопропанкарбон қышқылының N-этоксиперидин-4-онның екіншілік пен үшіншілік фенилацетиленді спирттерімен және соңғысының кетоксимимен әрекеттесуі 50-78% шығыммен күрделі эфирлердің кристалдық гидроклоридтерінің түзілуіне әкеледі.

Алынған жаңа қосылыстардың құрылысы физика-химиялық әдістер (ИК-, ЯМР ^{13}C -спектроскопиялары) негізінде анықталды.

Түйін сөздер: циклопропанкарбонилхлорид, N-этоксиперидин, күрделі эфирлер, физиологиялық белсенді заттар

Summary

A search for perspective physiologically active compounds among the prosidol new derivatives

G.S. Akhmetova - d.ch.s., Institute of Chemical Sciences by name of A.B. Bekturov", Almatyulgakhmet@rambler.ru,
+7 701 7693207

- A.Zh. Oresh** - Master of Chemical Sciences, Kazakh-British technical University, Almaty
F.M. Sadyrbayeva - PhD doctoral student, Kazakh-British technical University, Almaty
V.K. Yu d.ch.s., professor, Institute of Chemical Sciences by name of A.B. Bekturov", Almaty
K.D. Praliyev - academician NAS RK, Institute of Chemical Sciences by name of A.B. Bekturov", Almaty
L.N. Iskakova engineer, Institute of Chemical Sciences by name of A.B. Bekturov", Almaty
U.B. Isaeva Master of Chemical Sciences, Kazakh National Pedagogical University named by Abay, Almaty
G.I. Meirova d.ch.s., professor, Kazakh National Pedagogical University named by Abay, Almaty
R.Idrisova c.ch.s., professor, Kazakh National Agrarian University

A priority task of synthetic organic chemistry is the intensive development of fundamental researches directed on search and creation of original and of high-quality domestic biologically active compounds that can have practical application in medicine as medicinal products and in agriculture as pesticides. Derivatives of saturated nitrogen heterocycles, especially piperidine derivatives are more attractive among the developed directions on finding of new medicinal agents around the world, because they constitute the structural basis for a number of natural compounds (alkaloids azasteroids, neurotoxins, etc). Azacycloalkane derivatives have a practical interest as substances with a wide range of actions biological activity and are perspective for creation on their basis of new high-performance medicines and products for agriculture. In connection with the foregoing for this study were synthesized the potentially pharmacologically active phenylacetylenic secondary and tertiary alcohols and the corresponding ketoxime on the basis 1-(2-ethoxyethyl)-4-oxopiperidine. Interaction of the cyclopropanecarbonylchloride taken in excess with secondary and tertiary phenylacetylenic alcohols of N-ethoxyethylpiperidine-4-one and with ketoxime leads to formation of crystalline hydrochlorides of corresponding esters in 50-78% yield. Structures of the new obtained compounds were established based on the IR and ^{13}C NMR spectroscopic data.

Keywords: cyclopropanecarbonylchloride, N-ethoxyethylpiperidine, esters, physiologically active compounds

ОЦЕНКА РАССЕЙНИЯ АЭРОЗОЛЯ ТЕХНОГЕННЫХ ВЫБРОСОВ В ПРИЗЕМНОМ СЛОЕ АТМОСФЕРЫ САНИТАРНО-ЗАЩИТНОЙ И ПРОМЫШЛЕННОЙ ЗОН ХИМИЧЕСКОГО ПРЕДПРИЯТИЯ

Р.Х. Тургумбаева – *Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Республика Казахстан, г. Алматы, д.т.н., доцент,*

М.Н. Абдикаримов – *Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И. Сатпаева, Республика Казахстан, г. Алматы, д.х.н., доцент*

В статье рассмотрены вопросы оценки рассеяния техногенных выбросов в приземном слое атмосферы. Определено распределение концентрации загрязняющих веществ в приземном слое атмосферы промышленной и санитарно-защитной зон предприятия при различных направлениях и скоростях ветра. С помощью модели Паскуилла-Гиффорда получено пространственное распределение выбросов аэрозоля загрязняющих веществ. Получено зональное распределение концентрации аэрозоля токсичных выбросов в атмосфере в радиусе 50 км. Выявлена возможность прогнозирования загрязнения окружающей среды при различных значениях мощности выброса.

Ключевые слова: оценка, рассеяние, аэрозоль, выбросы, атмосфера, концентрация, окружающая среда, химическое предприятие

Развитие глобального техногенеза находит свое выражение в том, что в настоящее время практически нет района на земном шаре, где бы прямо или косвенно не проявлялся эффект антропогенного изменения природного ландшафта. Это обусловлено прежде всего наличием единых взаимосвязей между компонентами природы в форме всеобщего энерго- и массообмена, происходящего в гео-и биосферах, обуславливая экологический риск в планетарном масштабе.

Учитывая изменяющиеся показатели климата, использование новых законодательных актов и нормативных экологических документов и принципиально новых подходов к охране окружающей природной среды в Республике Казахстан главной задачей, определяющей основные направления экологической политики, является обеспечение охраны окружающей среды и экологической безопасности в соответствии с международными стандартами. В 2007 году в РК принят Экологический кодекс, направленный на гармонизацию нашего экологического законодательства с передовыми международными актами [1]. Кроме того, концепцией перехода республики Казахстан к устойчивому развитию на 2007-2024 годы закрепляется, что обеспечение устойчивого экономического развития Казахстана будет осуществлено путем поддержки экологически эффективного производства энергии и вторичного сырья [2].

Предприятия химической промышленности выпускают широкий спектр продукции для удовлетворения потребностей различных отраслей промышленности. Многообразие продукции, применяемых технологий и видов сырья определяет широкий спектр загрязнителей атмосферного воздуха, водных бассейнов и почв. Ряд выбросов, сбросов и отходов производства характеризуется существенными объемами, высокой токсичностью и образования отходов. В некоторых населенных пунктах воздействие предприятий химического комплекса на окружающую среду является доминирующим.

Из-за разнообразия технологических процессов химическая промышленность является одной из самых трудных для подавления выбросов. Решение экологических проблем в химической отрасли осложнено эксплуатацией значительного числа морально и физически устаревшего оборудования. Для производственных предприятий, размещенных вблизи городов, охрана окружающей среды и повышение промышленной безопасности должны стать приоритетными направлениями деятельности.

Основной вклад в загрязнение атмосферы среди химических предприятий на юге РК вносят предприятия по переработке фосфоритных руд. Экологическая обстановка района расположения этих предприятий определяется климатической характеристикой территории, количеством и мощностью источников загрязнения. Характерными особенностями климата являются значительная засушливость и его резко континентальный характер. В целом осадков выпадает мало.

В настоящее время не существует общепринятого метода оценки воздействия на природную среду, позволяющего оценить как проект строительства предприятия, так и деятельность его в период эксплуатации.

Анализ состояния воздушного бассейна в промышленной и санитарно-защитной зонах в районе расположения предприятия дает возможность оценить значимость выбросов вредных веществ, а также эффективность проводимых природоохранных мероприятий.

На величину концентраций вредных примесей в атмосфере влияют метеорологические условия, определяющие перенос и рассеивание в воздухе, - смена направления и скорости ветра. Количественных методов прогноза загрязнения приземного слоя атмосферы для городов Казахстана очень мало. Большинство имеющихся методов сводятся к прогнозу неприятных метеорологических условий [3-7], тогда как за рубежом этой проблеме уделяется большое внимание [8-21].

В данной работе проведена количественная оценка загрязнения атмосферы аэрозолями загрязняющих веществ, выбрасываемого промышленным предприятием по переработке фосфоритных руд.

Основными загрязняющими атмосферу веществами, выбрасываемыми предприятиями по переработке фосфоритной мелочи, являются диоксид серы, оксид фосфора, фтористый водород, диоксид и оксид азота, фосфин и пыль. Однако повышенные приземные концентрации этих веществ в воздушной среде селитебной зоны наблюдаются не всегда. Это объясняется воздействием воздушных потоков на рассеивание и унос выбросов предприятия в сторону от города. Однако при неблагоприятных направлениях ветра может происходить значительное возрастание содержания токсических веществ в воздухе города.

Для изучения рассеяния загрязняющих веществ в атмосфере, определения точности расчетов и корректировки параметров модели распространения необходимо иметь информацию о поле концентрации рассеиваемых веществ в направлении, приводящем к загрязнению селитебной зоны.

Предварительно по карте расположения предприятия нами были определены координаты точек отбора компонентов окружающей среды относительно условного центра организованных источников выбросов загрязняющих веществ. Для удобства выполнения расчетов и оценки загрязнения направление оси x было совмещено с преимущественным направлением ветра в рассматриваемом районе, приводящем к загрязнению города выбросами предприятия.

Исходной информацией для количественной оценки загрязнения приземного слоя атмосферы служила выборка данных, представляющих собой замеры концентрации загрязняющих веществ в местах установки контрольно-измерительных станций, метеорологические параметры (скорость ветра в приземном слое, направление ветра), а также данные, которые определяют структуру поверхности, температуру, физико-химические параметры загрязняющих веществ, различные коэффициенты.

Практические расчеты проводили с помощью универсального интегрированного пакета МАТЛАБ[22].

На рис.1 приведены зависимости концентрации основных загрязняющих веществ от направления ветра при скоростях ветра 1 и 2 м/с.




Рис.1 – Распределение концентрации загрязняющих веществ в приземном слое промышленной и санитарно-защитной зон в зависимости от направления ветра (скорость ветра: 1 и 2 м/с)

Видно, что выделяются румбы 210-350 градусов, что соответствует направлениям ветра, приводящим к увеличению концентрации веществ в зоне города. Таким образом, нами подтверждена гипотеза о загрязнении города выбросами предприятия при северо-западных и северных направлениях ветра.

Анализ распределения концентраций загрязняющих веществ на различных расстояниях от источника выброса предприятия показывает, что наибольший вклад в загрязнение атмосферы вносит диоксид азота, диоксид серы, фторид водорода, концентрации которых во всех пунктах наблюдения превышают среднесуточные значения ПДК. Незначительное увеличение скорости ветра до 2 м/с значительно снижает концентрацию SO_2 (от 0,02-0,045 мг/м³ при скорости ветра 1 м/с до 0,006-0,015 мг/м³), концентрация фосфина от 0,0025 мг/м³ снижается до величин ниже ПДК, а в пункте наблюдения ПНЗ г. Тараз фосфин не обнаруживается.

Для оценки загрязнения атмосферы промышленными выбросами в данной работе нами использовано уравнение Паскуилла-Гиффорда, полученного из предположения двойного распределения в уравнении Гаусса при наличии постоянного точечного источника определенной мощности без помех от земной поверхности и средней скорости ветра. Немаловажным моментом в выборе данной модели был ее официальный статус (она является рабочей моделью Международного агентства по атомной энергии – МАГАТЭ) и целесообразность ее реализации, даже если предполагается создание более совершенных моделей. Модель созданная Паскуиллом и Гиффордом, является эмпирической. В ее основе лежит представление концентрации примеси, выбрасываемой непрерывным точечным источником, в атмосфере, как струи с гауссовым распределением по вертикали и в поперечном к ветру направлении:

$$q(x, y, z) = \frac{Q}{2\pi\sigma_y(x)\sigma_z(x)u} \times f_F f_W \times \exp\left(-\frac{y^2}{2\sigma_y^2(x)}\right) \times \left(\exp\left(-\frac{(z-h)^2}{2\sigma_z^2(x)}\right) + \exp\left(-\frac{(z-h)^2}{2\sigma_z^2(x)}\right)\right)$$

где q -- концентрация примеси в данной точке пространства;

x, y, z - декартовы координаты;

Q - мощность источника; выброса;

$\sigma_y(x)$ и $\sigma_z(x)$ - вертикальная и поперечная дисперсии облака примеси;

u - скорость ветра, усредненная по слою перемешивания;

f_F и f_W поправки на обеднение облака за счет сухого осаждения примеси и ее вымывания осадками;

h - эффективная высота источника.

Распределение концентраций загрязняющих веществ в приземном слое атмосферы было построено при определенных скоростях ветра и мощности выбросов. Поскольку аэрозоль состоит из нескольких веществ при расчете его рассеивания в атмосфере выбросы всех веществ были приведены к выбросу сернистого газа.

На первом этапе нами была проведена оценка распределения аэрозоля токсических веществ в атмосфере санитарно-защитной зоны предприятия (3 км) по переработке фосфоритной мелочи при условиях, близких к штилевым. Состояние приземного слоя атмосферы в районе размещения промышленной площадки предприятия, т.е. в зоне ядра и в зоне влияния определяется не только объемом выбросов из основных и вспомогательных источников, но и наличием испарителей промышленных стоков, накопителей жидких и пастообразных отходов, складских помещений, хранилищ и других источников загрязнения. На рис 2 представлено пространственное распределение аэрозоля загрязняющих веществ в приземном слое атмосферы санитарно-защитной зоны предприятия при скорости ветра 0,1 м/с. Видно, что рассеивание загрязняющих веществ неравномерной определяется куполообразными фигурами, высота которых отражает приведенную концентрацию аэрозоля. Наибольшее загрязнение наблюдается вблизи наиболее мощного постоянного точечного источника выброса.




Рисунок 2 – Пространственное распределение аэрозоля загрязняющих веществ в приземном слое атмосферы санитарно-защитной зоны предприятия при скорости ветра 0,1 м/с.

Изучение распределения концентрации аэрозоля по зонам в радиусе 50 км при скорости ветра 2,8 м/с указывает на то, что концентрация аэрозоля по направлению ветра постепенно снижается до 0,3 мг/м³ (рис.3).

Приведенные результаты моделирования распространения в атмосфере загрязняющих веществ позволяют оценить значимость выбросов вредных веществ, а также необходимость повышения эффективности проводимых предприятием природоохранных мероприятий.

Анализ данных по моделированию распространения в атмосфере загрязняющих веществ, выбрасываемых промышленным предприятием, позволяет количественно определить степень загрязнения приземного слоя атмосферы, районировать территорию, прилегающую к предприятию по зонам с определенной концентрацией и дает возможность прогнозировать распределение токсичного вещества в приземном слое атмосферы при различных значениях мощности выброса.




Рисунок 3 – Зональное распределение рассеивания выбросов аэрозоля токсичных выбросов в атмосфере в радиусе 50 км при скорости ветра 2,8 м/с

Выводы:

1. Выявлено, что загрязнение атмосферы селитебной зоны происходит при западных и северо-западных направлениях ветра (250-310 градусов) при условиях близких к штилевым;

2. Определено распределение концентрации загрязняющих веществ в приземном слое атмосферы промышленной и санитарно-защитной зон предприятия в зависимости от направления и скорости ветра (0,1 и 2,8 м/с);

3. С помощью модели Паскуилла-Гиффорда получено пространственное распределение выбросов аэрозоля загрязняющих веществ в санитарно-защитной зоне предприятия;

4. Получено зональное распределение концентрации аэрозоля токсичных выбросов в атмосфере в радиусе 50 км от точечного источника выбросов;

5. Выявлена возможность прогнозирования распределения токсичных веществ в приземном слое атмосферы при различных значениях мощности выброса.

1 Брагин А. Внедрение международных экологических стандартов // *Промышленность Казахстана* – 2010 – №2(59) – С. 50-53.

2 Концепция экологической безопасности – Астана: МООС РК, 2004 – 27 с.

3 Галаева О.С., Ибрагимов М.Л., Семенов О.Е., Худякова Т.В., Шаповалов А.П. Метод количественного прогноза загрязнения атмосферы г. Балхаша диоксидом серы и пылью. *Гидрометеорология и экология*. 2004 - №3 - С. 29-4515.

4 Айдосов А.А., Заурбеков Н.С. Численное моделирование распространения активных примесей в пограничном слое атмосферы со свободной верхней границей // *Вестник КазГУ. Серия математика, механика, информатика* – 1998. – Вып. 9. – С. 3-12.

5 Айдосов А.А. Модели экологической обстановки окружающей среды при циркуляции бароциклонной атмосферы с учетом турбулентного обмена // *Вестник инженерной академии РК* – 2001 – №7(2) – С. 66-73.

6 Омарбекулы Т., Сембина Г.К. Моделирование загрязнения воздуха при неблагоприятных погодных условиях // *Вестник Каз. акад. трансп. и коммуник. им. М.Тынышпаева* – Алматы, 2005. – №6 – С. 158-162.

7 Абдулла Ж., Мамытбеков Е., Сатаев Л., Сатаев Б.О. Изучение распространения загрязнения атмосферы на основе транспортно-диффузионной модели // *Труды 8-й Международной научно-технической конференции* – Алматы: КазНТУ, 2006. – Ч.2. – С. 214-220.

8 Ким Ж.В., Мироненко В.Ф., Михайлов А.В., Кофанов С.П. Исследование загрязнения атмосферы г. Бийска промышленными предприятиями с применением ЭВМ // *Социальная безопасность населения юга западной Сибири: материалы международной научно-практической конференции «Социальная безопасность населения юга Западной Сибири – региональные риски и пути повышения эффективности защиты населения региона от природных, техногенных и гуманитарных угроз»* – Барнаул: Азбука, 2006. – Выпуск 6. – С. 110-114.

9 U.S. Environmental Protection Agency; Technical Support Document for the Final Locomotive/Marine Rule: Air Quality Modeling Analyses; Office of Air Quality Planning and Standards; EPA-454 / R-08-002; Research Triangle Park, NC, 2008, January, – 63 p.

10 Souto J.A., De Castro M.C. Desarrollo y aplicacion de un modelo de penacho gaussiano regulatorio para la estimacion del impacto termico de una emision a la atmosfera // *Afinidad: Revista de quimica teorica y aplicada* – 2000 – Vol.57, - №490 – P. 407-414.

11 Hanna S.R., Britter R., Franzese P. A baseline urban dispersion model evaluated with Salt Lake City and Los Angeles tracer // *Atmos. Environ.* – 2003. – Vol.37, №36. – С. 5069-5082.

12 82 Turner D.B., Bender L.W., Paumier J.O., Boone P.F. Evaluation of the TUPOS air quality dispersion model using data from EPRI KINCAID field study // *Atmos. Env.* – 1991. – Vol.25A, - №10 – P. 2187-2201.

13 Venkatram A. Dispersion from an elevated source in a convective boundary layer // *Atmos.Env.* – 1980 – Vol.14, №1 – P. 1-10.

14 Simpson I.R., Clarkson T.S. Dry plume: a computer model for predicting the behaviour of plumes in the atmosphere. Scientific report 19. - New Zealand Meteorological Service: Wellington, 1986. – 79 p.

15 Jimenez-Horrnero F.J., Giraldez J.V., Gutierrez de Rave E., Moral F.J. // Description of pollutant dispersion in an urban street canyon using a two-dimensional lattice model // *Atmos. Env.* – 2007. - T. 41, №1. – С. 221-226.

16 Bianconi R., Tamponi M. A mathematical model of diffusion from a steady source of short duration in a finite mixing layer // *Atmos. Env.* – 1993. – Vol. 27, №5. – P. 781-792.

17 Chrysikopoulos C.V., Hildmann L.M., Roberts P.V. A three-dimensional steady-state atmospheric dispersion-deposition model for emission from a ground-level area source // *Atmos. Env.* – 1992. – Vol. 26, - №5. – P. 747-757.

18 Kitabayashi K. Wind tunnel simulation of airflow and pollutant diffusion over complex terrain // *Atm. Env.* – 1991 – Vol. 25A, - №7. – P. 1155-1161.

19 Perminova I., Grechishcheva N., Kovalevskii D. et al. Quantification and prediction of detoxifying properties of humic substances to polycyclic aromatic hydrocarbons related to chemical binding // *Environmental Science and Technology*. – 2001. – Vol. 35. – P. 3841-3848.

20 Zaripov S.K., Vanyunina M.V., Skvortsov E.V., Osipov A.N. Calculation of concentration of aerosol particles around a slot sampler // *Atmospheric Environment*, 2007 - №23, - с. 4773-4780.

21 Popovicheva O., Kistler M., Vratolis S., Persiantseva N., Timofeev M., Kasper-Giebl A., Eleftheriadis K. Physicochemical characterization of aged biomass burning aerosol after long-range transport to Greece from large scale wildfires in Russia and surrounding regions, Summer 2010. // *Atmospheric Environment* - 2014. - Vol. 96. – P. 3841-3848. P. 393-404.

22 Дьяконов В.П. МАТЛАБ 6: учебный курс – СПб.: Изд. Питер, 2001. – 592 с.

Түйін

Оценка рассеяния аэрозоля техногенных выбросов в приземном слое атмосферы санитарно-защитной и промышленной зон химического предприятия

Р.Х. Тургумбаева - КазНПУ им.Абая, Республика Казахстан, г.Алматы, д.т.н., доцент, e-mail: rturgumbayeva@mail.ru,

М.Н. Абдикаримов – Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И. Сатпаева, Республика Казахстан, г. Алматы, д.х.н., доцент, e-mail:mn.abdikarimov@mail.ru

Мақалада атмосфераның төменгі қабатында техногендік шығарындылардың таралуын бағалау қарастырылған. Кәсіпорындардың өндірістік және санитарлық-қорғау аймақтапанда атмосфераның төменгі қабатында әртүрлі бағыттар мен желдің жылдамдықтарында ластаушы заттар концентрациясының таралуы анықталған. Паскуил-Гиффорд моделі көмегімен ластаушы аэрозоль заттар шығарындыларының атмосфера кеңістігінде таралуы көрсетілген. 50 км радиуста атмосфераға улы шығарындылар аэрозолірің таралу аймақтары алынған. Шығарылым қуатының әртүрлі мәндерінде қоршаған ортаны ластауды болжау мүмкіндігі анықталды.

Түйін сөздер: бағалау, таралу, шығарылымдар, атмосфера, концентрация, қоршаған орта, химиялық өнеркәсіп

Summary

An estimation of dispersion of aerosol of technogenic extrass is in the ground layer of atmosphere of sanitary-hygienic and industrial areas of chemical enterprise

R.Kh. Turgumbaeva – KazNPU the name of Abay, Republic Kazakhstan, Almaty, d.t.n., associate professor, e-mail: rturgumbayeva@mail ru,

M.N. Abdikarimov – Kazakhskiy national research technical university the name of K.I. Satpaeva, Republic Kazakhstan, Almaty, d.kh.n., associate professor, e-mail: mn.abdikarimov@mail.ru

The paper deals with evaluation of the scattering of man-made emissions in the atmospheric boundary layer. The distribution of the concentration of pollutants in the atmospheric surface layer of industrial and sanitary-protection zones of enterprises were determined., The distribution of the concentration of pollutants depends on the wind speed and direction. The spatial distribution of the aerosol emission of pollutants were obtained using a model Paskuilla-Gifford. within a radius 50km are the zonal distribution of aerosol concentration of toxic emissions in the atmosphere. Revealed the ability to predict environmental pollution at different values of the power output.

Keywords: evaluation, scattering, aerosol emissions, the atmosphere, the concentration, the environment, chemical enterprise

ӘӘЖ 543.869-036.6/8:661.183.12

ГЛИЦИДИЛМЕТАКРИЛАТ (ГМА) ЖӘНЕ АКРИЛОНИТРИЛ (АкН) СОПОЛИМЕРІ НЕГІЗІНДЕГІ ЖАҢА ПЕРСПЕКТИВТІ ИОН АЛМАСТЫРҒЫШ КОМПЛЕКСОНДЫ АЛУ

Н.А. Бектенов – *х.ғ.д., проф.*

А.Г. Маликова – *2-курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Мақалада жаңа перспективті ион алмастырғыш комплексонның алынуы және оның кейбір физика-химиялық қасиеттері көрсетілген. Бұл комплексон ГМА және АкН негізінде еритін сополимерді Трилон Б модификациялау арқылы алынған және оның құрамы ИҚ-спектрі арқылы анықталынды. Комплексондардың негізгі қасиеттеріне сулы ерітінділерде металл иондарымен комплексонаттар түзуі жатады. Жаңа перспективті комплексон ағынды суларды, топырақты ауыр металл иондарынан тазартуға, асыл металдарды рудалардан сорбциялауға, құрамындағы функционалды топтарына байланысты сулы ерітінділерден белгілі рН мәндерінде металл иондарындамалы түрде комплекс түзу арқылы бөлуге қолданыла алады.

Түйін сөздер: Ион алмастырғыш комплексон, ионит, Трилон Б, глицидилметакрилат, акрилонитрил, катионит, комплекс түзу

Ион алмастырғыш заттар – иониттер өмірде, өндірісте жиі қолданылады. Өндірісте пайдаланылған сулар, ерітінділер көпке дейін далаға төгіліп, босқа рәсуә болатын. Олардың құрамында сирек, зиянды қосылыстар мен түрлі иондар өте аз мөлшерде болса да кездеседі [1, 2]. Енді оларды иониттер арқылы тазалайды. Бұл әдістің басқа әдістерге қарағандағы тиімділігі – ол бөлінетін иондардың концентрациясын көбейтуге мүмкіндік беруінде. Тазартылған суды қайтадан өндірісте пайдалануға болады. Мысалы, бояу өндіру кезінде хром, никель, мыс, мырыш, ал жасанды талшық, өндіргенде мыс иондары мен радиоактивті иондар бөлініп алынады [3].

«Комплексондар» термині өзара әртүрлі алифатты және ароматты радикалдармен байланысқан, иминді-цианидті бөліктен тұратын, полиаминсірке қышқылы тобындағы органикалық лигандтар үшін, 1945 жылы Цюрих университетінің профессоры Герольд Шварценбах ұсынды. Содан кейін көп мөлшерде соған ұқсас қосылыстар синтезделінді. Ацетатты топтардың орнына – алкилфосфонды, алкиларсонды

және алкилсульфонды, ал азоттың (III) орнына – фосфор (III), күкірт (II), селен (II), теллур (II) топтары бар полимерлер синтезделінді. Осы лигандтардың және полииминді-полисірке қышқылының қасиеттері мен құрылымының нақты ұқсастығы комплексон атауының осыларға таралуына да себеп болды. Комплексондар хелат түзуші лигандтарға, ал олардың комплексті қосылыстары, комплексонаттар, хелаттарға жатады.

Комплексондардың негізгі қасиеттеріне сулы ерітінділерде металл иондарымен комплексонаттар түзуі жатады. Оның тұрақтылығы, әдетте, өте жоғары болады, себебі сәйкес катион классикалық аналитика әдістемесінің көмегімен таба алмайды. Комплексондардың және олардың негізіндегі комплекстердің синтетикалық қол жетімділігі және молекуласының модифицирленген құрылымының кең мүмкіндіктері алдын ала белгіленген қасиеттері бар қосылыстар алуға үлкен мүмкіндік береді. Оларды координациялық химияда теориялық мәселелерді шешу үшін де, нақты халық шаруашылығының міндеттерін шешуде қолдануға болады [4].

Координациялық химияда алдын ала белгіленген қасиеттерге ие (берілген тұрақтылығымен, селективтілігімен, реакцияға қабілеттілігімен, ыдырау температурасымен, ерігіштігімен, физикалық, электрохимиялық және тағы да басқа параметрлерімен) комплексті қосылыстарды алу негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Комплексондардың негізіндегі комплексті қосылыстар осы аспектілердің ішінде ең жоғары қызығушылыққа ие.

Әртүрлі ғылымдарда және техникада сорбциялық үрдістердің эффективтілігін жоғарылатуының қажеттілігіне байланысты селективті иониттерге жылдан жылға ғалымдардың ықыласы артып келеді.

Лиганд молекуласын құру хелат жүйесіне әртүрлі комплекс түзуші фрагменттерді, функциональды-аналитикалық топтарды, гетероатомдарды, иминді-диацетатты топтарды, гидроксилды топтарды, иминалкілфосфонды, иминалкілфосфонисті, арсонды, нитро-, аминкарбоксилді, азо- және сульфотоптарды, O, S және N гетероатомдарды қосу арқылы жүзеге асады.


Комплексондардың синтезін, олардың құрылымы және бастапқы компоненттердің реакцияға қабілеттілігіне қарай, әртүрлі әдістер арқылы жүргізеді: моногалоидалкілкарбонды қышқылдармен аминдерді карбоксиалкілдеу, цианметилдеу, Манних реакциясын пайдалану, сәйкес галоидтуындылармен аминқышқылдарды әрекеттестіру және т.б.

Жаңа және бұрын белгілі алифатты, гетероциклды, ароматты топтардың комплексондары мысалында монохлорсірке қышқылы көмегімен аминдерді карбоксиметилдеу реакциясы зерттелді. Бастапқы аминнің негізділігінің өсуіне байланысты реакция жылдамдығының жоғарылауы байқалды. Соңғысының реакцияға қабілеттілігі, реакция барысында протондалған күйде болатын, карбоксиметилдің шабуылдаушы тобына оның бір протонының тәуелсіз алмасу мүмкінділігімен байланысты бола алады. Күшті негізді аминдер жағдайында реакциялық орта буферлі қасиетке ие болады, соның салдарынан монохлорсірке қышқылының конденсациясында ерітінді рН-ның айқын өзгерісі байқалмайды.

Карбоксилды топтарды қосып алатын ретті реакциялардың жылдамдығын зерттеу, бірінші топты қосып алу – шекті саты болып табылатынын көрсетті. Сондықтан да бұл әдіспен толығымен карбоксиалкілденбеген аминдерді алу мүмкін емес. Сонымен қатар, екіншілік аминтоптары (иминді-сірке және иминді-фосфонды қышқылдар) бар осындай комплексондар одан да күрделі комплексондар мен поликомплексондарды синтездеу үшін, унифицирленген реагент ретінде қызығушылық көрсетуде. Осы жай лигандтарды сәйкес үшіншілік аминдердердің тотығу ыдырауы арқылы синтезі жүзеге асырылды (термиялық және электрохимиялық).

Иминді-сірке және иминді-диметилфосфонды қышқылдың галоидтың қозғалмалы атомы бар қосылыспен және Манних реакциясы бойынша фенолмен әрекеттесуі зерттелген. Соңғы реакция бензол тобындағы полифенолдар (гидрохинон, пирокатехин, резорцин және оксигидрохинон туындылары), орынбасқан нафталин, резорцин және басқа да күрделі жоғары конъюгерленген жүйелер негізінде жаңа комплексондар алуда кеңінен қолданылады. Манних реакциясын жүйелі түрде зерттеу, оның механизмі туралы пікірді қалыптастырды. Формальдегид пен фенолдың бірінші әрекеттесуі ең мүмкін болып табылады, дегенмен оның фенолмен қайта әрекеттесуінен аминальдің түзілу мүмкіндігі де ескеріледі [5].

ЭДТА (этилендиаминтетрасірке қышқылы). 200 комплексондар атауының ішінде, әртүрлі мемлекеттердің өндірістерінде шығарылатын, ЭДТА, НТФ және ОЭДФ – ең тән, жақсы зерттелген және кең ауқымды қолданылатын қосылыстар. ЭДТА – тарихи бірінші комплексон – сонымен қатар келесі атаулармен белгілі: Трилон Б, комплексон II, версен, хелатон II, секвестроил және т.б.



Көрініп тұрғандай, ЭДТА молекуласында 4 қышқылдық және екі негіздік орталығы бар. Осы екі орталықтардың сәтті үйлесімділігі мен өзара орналасуы, бүгінгі таңда кең және әртүрлі қолданысқа ие ЭДТА-ны тиімді жұмыс істейтін және универсальды комплексондар қатарына жатқызады.

Рентгенқұрылымды және де зерттеудің басқа әдістері, ЭДТА бетаинді (цвиттерионды) құрылымға ие екенін көрсетті.

Қышқыл ерітіндіде ЭДТА протонирленіп катион – H_5EDTA^+ және H_6EDTA^{2+} түзеді, ал негізді ерітіндіде төрт негізді қышқылдың анионын – $EDTA^{4-}$ түзеді. Комплексон формуласынан көрініп тұрғандай $EDTA^{4-}$ анионы потенциалды декадентті болып табылады: координация төрт «карбоксильді» және төрт «карбонильді» қосқанда, екі азот атомы мен сегіз оттегі атомы арқылы жүзеге асады. Дегенмен дентанттылық алтыдан жоғары бола алмайды – координацияға азоттың екі атомы мен оттектің төрт «карбоксильді» атомы қатыса алатындай ғана қосылыстың кеңістіктік құрылымы осындай болып табылады. Сонымен қатар бес бесмүшелі металлоциклдер түзіледі, ол комплексонаттың жоғары тұрақтылығына алып келеді. ЭДТА өзгешелігіне оның жоғары иілгіштігі және әртүрлі металдардың комплексірінде кең варьирленген М-О мен М-N атомаралық қашықтық жатады, ол көптеген геометриялық шектеулерді босатады және комплексонның әмбебаптығын қамтамасыз етеді.

Сілтілік металдардың катиондары ЭДТА-мен тек қана күшті негізді ерітінділерде ғана комплекс түзеді, және олардың тұрақтылығы жоғары емес. Менделеевтің периодтық жүйесіндегі екінші негізгі топша катиондарымен ЭДТА-ның әрекеттесуі кең интервалдағы рН 4,0-тен 12,0-ге дейін сулы ерітінділерде еритін комплекс түзеді [6].

Ауыспалы металдар катиондарымен ЭДТА-ның комплексті қосылыстары жан-жақты және кең ауқымды зерттелген. 3d- металдардың екізарядты катиондары ЭДТА-мен тұрақты ерігіш комплексонаттар түзеді. Осылардың ішінде максимальды тұрақтылыққа мыс комплексі $\lg b(CuL_2^-) = 18,8$ ие, қалғандарының тұрақтылығы келесі ретпен азаяды: $Cu > Ni > Zn >> Co > Fe > Mn > Cr > V$ ($\lg b(VL_2^-) = 12,7$).

+3 тотығу дәрежесіне ие IV периодтың ортасы ML^+ құрамды комплексонаттар түзеді, және олардың тұрақтылығы +2 тотығу дәрежесіне ие дәл сол металдардың комплексонаттарының тұрақтылығынан 10 есе үлкен болады. Кобальт комплексонаты (III) CoL^+ этилендиаминтетраацетаттар ішінде ең жоғары термодинамикалық тұрақтылыққа ие $\lg b = 40,7$.

Классикалық комплексондардың молекуласының айтарлықтай модификациясына карбоксильді топтардың фосфон тобына алмастыру болып табылады. $CH_2PO_3H_2$ фрагменті бұрмаланған тетраэдр формасына ие және жазық жақтылыққа ие карбоксиль тобына қарағанда жоғары дентанттылыққа ие.


Фосфонды топтары бар комплексондардың ішінде кеңірек сипатталғаны – нитрилтриметилфосфонды қышқыл $N(CH_2PO_3H_2)_3$ (НТФ). Ол суда жақсы ериді (3 моль/л-ге дейін) және берік комплекс түзеді. ЭДТА сияқты ол да бетаинді құрылымға ие. Карбоксильді тотық фосфонды топқа алмасуы комплекстің төзімділігіне алып келеді.

Айтарлықтай қызығушылыққа алкилдифосфонды қышқылдар көрсетеді, олар маңызды катиондар қатарымен әрекеттесуі жоғары спецификалық қасиет көрсетеді. Осы қышқылдардың маңызды өкіліне оксиэтилендифосфонды қышқыл (ОЭДФ) жатады, ол күшті қышқылды ортада комплекс түзуге қабілетті екі фосфон тобынан және оксиэтилді топтан тұрады.

Комплексон барлығымен дерлік катиондармен тұрақты комплексондар түзеді, соның ішінде сілтілік және сілтілік-жер металдар катиондарымен қосқанда. Бериллий комплексонатының тұрақтылығы өзгеше, ол сілтілік-жер металдарының сәйкесінше қосылыстарынан 6 есе тұрақтырақ [7].

Трилон Б (этилендиаминтетраасірке қышқылының динатрий тұзы) – ақ кристалды ұнтақ, ионкоагулянт. Суда ериді, спирт пен эфирде ерімейді десе де болады. Оның жұмыс істеу схемасы металдардың ерімейтін тұздарының метал иондарын «сорып алу» және оны натрий ионына алмастырумен негізделген. Трилон Б-ның барлығы дерлік тұздары суда ериді және метал валенттілігіне қарамастан, трилонның 1 молекуласы 1 молекула металмен реакцияға түседі. Оның мұндай қасиеті аналитикада кең қолданысқа ие болды.

Көптеген катиондармен тұрақты комплексті қосылыстар түзеді.



Трилон Б-ның негізгі қасиетіне сілтілік-жер металдарымен рН-тың кең интервалында (2-ден 13,5-ке дейін) тұрақты суда еритін комплексондар түзе алуы жатады. ЭДТА-мен байланысқан металдар суда қалады, дегенмен аз реакциялық қабілеттілік көрсетеді. Кальций, кадмий, магний, қорғасын, мыс, цинк, сынап, марганец, темір, алюминий және де басқа поливалентті метал иондарымен рН-тың кең интервалында суда еритін комплекстер түзеді. Хелат түзу реакциясы негізінен температураға байланысты емес. Осы типтегі комплексті қосылыстар, әсіресе, сілтілік ортада және жоғары температураларда тұрақты болып келеді [8, 9].

Тәжірибелік бөлім

Иониттер – құрамында активті (функционал) топтары мен жылжымалы иондары бар суда ерімейтін органикалық және бейорганикалық заттар. Иониттер жылжымалы иондарын электролиттің судағы ерітіндісіндегі иондарымен алмастыра алады. Иониттердің негізгі физика-химиялық қасиеттері: көп жағдайда иониттің физикалық қасиеттері химиялық қасиеттеріне қарағанда соншалық маңызды бола бермейді.

Иониттің синтезі екі сатыдан тұрады (сополимердің синтезі және алынған сополимерді Трилон Б-мен модифицирлеу) және екі әдіс бойынша (1. алынған сополимерді жуып, кептіріп, оны ДМФА-да ерітіп, Трилон Б-мен модифицирлеу; 2. Жана синтезделінген сополимерді сол қалпынша Трилон Б-мен модифицирлеу) алынады.

Ионитті дайындау үшін ең алдымен ГМА мен АқН негізінде сополимер синтезделінеді. ГМА:АқН 70:30 қатынаста алынып 5мл ДМФА-ға ерітілген БТ мен араластырылып, құйғыштың көмегімен ампулаға құйылады да, термостатқа салынады. Синтез температурасы 85⁰С (1-сурет). Ерітінді тұтқыраққыш қоймалжың массаға айналғаннан кейін,

1-әдіс бойынша спирттің көмегімен тұндырып аламыз. Алынған сополимерді жуып, кептіреміз. Алынған сополимерді ДМФА-да ертітіп, Ол үшін ерітілген сополимерге Трилон Б қосып араластырамыз.

2-әдіс бойынша тигельге құйып, NaOH ерітіндісіндегі Трилон Б модифицирлейміз.

Алынған қоспаны тигельге орналастырып, 90⁰С-тағы пеште қатты массаға айналғанша ұстайды. Алынған қатты массаны бір күн 4-5% NaOH ерітіндісіне құйып кетеміз де, сумен нейтралды ортаға келгенше жуамыз. Тағы бір күні 4-5% HCl ерітіндісін құйып кетеміз де, сумен нейтралды ортаға келгенше жуамыз. Содан кейін оны кептіреміз.

Нәтижелер және оларды талқылау


Ионит синтезі екі әдіс бойынша жүргізілді:

1. Ионитті дайындау үшін ең алдымен ГМА мен АқН негізінде сополимер синтезделінеді. ГМА:АқН 70:30 қатынаста алынып 5мл ДМФА-ға ерітілген БТ мен араластырылып, құйғыштың көмегімен ампулаға құйылады да, термостатқа салынады. Синтез температурасы 85⁰С. Ерітінді тұтқыраққыш қоймалжың массаға айналғаннан кейін, спирттің көмегімен тұндырып аламыз. Алынған сополимерді жуып, кептіреміз. Алынған сополимерді ДМФА-да ертітіп, Трилон Б модифицирлейміз. Ол үшін ерітілген сополимерге Трилон Б қосып араластырамыз. Алынған қоспаны тигельге орналастырып, 90⁰С-тағы пеште қатты массаға айналғанша ұстайды. Алынған қатты массаны бір күн NaOH ерітіндісіне құйып кетеміз де, сумен нейтралды ортаға келгенше жуамыз. Тағы бір күні HCl ерітіндісін құйып кетеміз де, сумен нейтралды ортаға келгенше жуамыз. Содан кейін оны кептіреміз.


2. Бұл әдісте де мономер, инициатор және еріткіш дәл сондай қатынаста алынады. Алынған қоспаны тигельге құйып, 90⁰С температурадағы пешке саламыз. Ерітінді тұтқыраққыш қоймалжың массаға

айналғаннан кейін, оған 30% сілті ерітіндісінде ерітілген Трилон Б құйып араластырамыз. алынған қоспаны қайтадан пешке салып, қатты массаға айналғанша ұстайды. Алынған қатты массаны бір күн NaOH ерітіндісіне құйып кетеміз де, сумен нейтралды ортаға келгенше жуамыз. Тағы бір күні HCl ерітіндісін құйып кетеміз де, сумен нейтралды ортаға келгенше жуамыз. Содан кейін оны кептіреміз.

ГМА-АкН сополимері заттық иницирлеу жолымен радикалды полимерлену арқылы ампулада синтезделінді. Инициатор ретінде бензоил асқын тотығы пайдаланылады. 0,2 М ерітіндідегі $T_{1/2}$ 70⁰ С-та 15сағат, 85⁰ С-та 2,2сағат, 100⁰ С-та 0,4сағат. Сондықтан да оптимальды жағдай деп 85⁰ С алынады. Кейін алынған ГМА-АкН негізіндегі сополимерді Трилон Б-мен модификацияланады. Реакция ГМА құрамындағы эпокситоппен ЭДТА-ның құрамындағы анионды-топ арқылы жүзеге асады.




ГМА-АкН негізіндегі сополимер Трилон Б



Торланған комплексонның кеңістіктегі құрылымдық формуласы

Полимерлі ионит үлгілерінің ИҚ-спектрі Nicolet 6700 (Thermo Electron, АҚШ) ИҚ-Фурье-спектрометрінде анықталды. Сорбент үлгілері KBr тұзымен араластырылып, таблеткаға пресстелді.



1 сурет. Трилон Б-мен модификацияланған ГМА-АкН сополимері негізіндегі комплексонның ИҚ-спектрі

Топтары	ν , см-1
-CH ₃	2960-2870
=CH ₂	3000-нан жоғары
-C=C- (RR'C=CH ₂)	1658-1648
(R) ₂ C=CH ₂	1800-1750
RC≡N	2210-2260
C-O-C	1150-1070
-C=C-CO-O-	1720
$(R)_2C-C(R)_2$ O	3000
-ОН(карбон қышқылы)	3600-2500
-COOH	3000-2500, 1420
$R-N(R)R$	1230-1030 [10, 11]

1 кесте. Жаңа комплексонның ИҚ-спектрі мәндері

Сонымен жұмысты қорытындылай келсек, алдымен иницирлеу жолымен ГМА және АкН негізінде еритін сополимер синтезделді. Алынған сополимердің ең тиімді еріткіші ретінде ДМФА пайдаланылды. ГМА және АкН негізінде еритін сополимерді Трилон Б-мен 90⁰С-та модифицирленді. Алынған жаңа иониттің болжамды формуласы жазылып, ИҚ-спектрге түсірілді. Нәтижесінде жаңа комплексонның құрамында карбоксил, үшіншілік амин, метил, циан-, окси- тобы және қанықпаған байланыстың бар екені анықталынды.

1 Вулик А.И. Ионообменный синтез. – Москва: Издательство «Химия», 1973. – 119 с.

2 Полянский Н. Г., Горбунов Г. В., Полянская Н. Л. Методы исследования ионитов. – Москва: Издательство «Химия», 1976. – 208 с.

3 Голованчиков А.Б., Сиволобова Н.О., Тимонин А.С. Ионообменные методы очистки сточных вод. – Волгоград: Учебное пособие, 2009. – 52 с.

4 Дятлова Н.М., Темкина В.Я., Попов К.И. Комплексоны и комплексонаты металлов. – Москва: Издательство «Химия», 1988. – 273с.

5 Дятлова Н.М., Макарова С.Б., Темкина В.Я. Синтез и применение селективных комплексонов и сорбентов. – Москва: Издательство «Химия», 1976. – 61с.

6 Васильев В.П. Комплексоны и комплексонаты // Статьи Соросовского Образовательного журнала в текстовом формате. Химия. 1996. №4, с. 39-44.

7 Зеленин К.Н. Комплексоны в медицине // Соросовский Журнал. Санкт-Петербург 2001г. с.45-50.

8 Якимец Е.М. (ред.) Применение Трилона Б в анализах цветных сплавов. Труды Уральского политехнического института им. С.М. Кирова. Сборник № 130 - Свердловск: УПИ, 1963. - 108 с.

9 J. Ryczkowski. IR studies of EDTA alkaline salts interaction with the surface of inorganic oxides // Applied Surface Science. Volume 252, Issue 3, 31 October 2005, Pages 813–822

10 Наканиси К. ИК-спектры и строение органических соединений. М-1965г. 216с.

11 Сильверстейн Р., Басслер Г., Моррил Т. Спектрометрическая идентификация органических соединений. – Москва: Издательство «Мир», 1977, 590 с.

Резюме

Получение нового перспективного ионообменного комплексона на основе сополимера глицидилметакрилата (ГМА) и акрилонитрила (АкН).

Бектенов Н.А. – д.х.н., проф, bekten_1954@mail.ru

Маликова А.Г. – магистрант 2-курса, faidanaf@mail.ru, Казахский национальный университет имени Абая

В статье показано получение нового перспективного ионообменного комплексона и его некоторые физико-химические свойства. Этот комплексон получен модификацией сополимера на основе ГМА и АкН с Трилон Б и его состав был определен ИК-спектром. К основным свойствам комплексонов относятся образование комплексонатов с ионами металлов в водных растворах. Новый перспективный комплексон может использоваться для очистки сточных вод и почвы от ионов тяжелых металлов, для сорбции драгоценных металлов от руд, для выборочного разделение иона металла в водных растворах при определенных рН.

Ключевые слова: Ионообменные комплексоны, Трилон Б, глицидилметакрилат, акрилонитрил, катионит, комплексобразование.

Summary

Preparation a new perspective ion exchange complexone based on a copolymer of glycidyl methacrylate (GMA) and acrylonitrile (AcN)

Bektenov N.A. – d.c.s., professor, CR bekten_1954@mail.ru

Malikova A.G. – undergraduate, faidanaf@mail.ru, Kazakh National Pedagogical University named after Abai

In the article shows to preparation a new perspective ion exchange complexone and its physico-chemical properties. This chelating agent prepared by a copolymer based on GMA and AcN modification to Trilon B and its composition was determined by IR spectrum. The main properties of complexones are the formation of complexions with metal ions in aqueous solutions. The new perspective chelating agent can be used for wastewater treatment and soil by heavy metal ions, the sorption of precious metals from ores, selective separation of certain metal ions in aqueous solutions at certain pH.

Keywords: Ion exchange complexone, Trilon B, glycidyl methacrylate, acrylonitrile, cationic, complexation

УДК 941.646.56

МОДИФИЦИРОВАННЫЕ МЫС КАТАЛИЗАТОРЫ В КЛАССЕ 9-ГЕКСАДЕЦИН-1-ОЛДЫ СТЕРЕОТАЛГАМДЫ СУТЕКЕНДІРУ

М.Ж. Жақсыбаев – х.ғ.д., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Болатжан Базарбай – магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ

Феромондар мен басқа да биологиялық белсенді заттарды синтездеу кезінде, синтездің негізгі бөлігі, ацетиленді қосылыстарды сәйкес цис-олефиндерге стереоталғамды сутектендіру болып табылады. Бұл үшін ацетилен туындыларын: көмірсутектер, спирттер, альдегидтер, күрделі эфирлер және т.б. қолданылады. Мақалада, феромондарды синтездеуде аралық заттар болып келетін цис-олефиндерді алу үшін, ацетилен туындыларын каталитикалық жолмен стереоталғамды түрде сутектендіретін белгілі катализаторларын дайындаудың әдісін түрлендіру арқылы алынған жаңаша катализаторларда 9-гексадецин-1-олды сутектендіру реакцияларын зерттеу нәтижелері берілген. 9-гексадецин-1-олды алынған катализаторлар қатысында 393К температура мен сутегінің 6 МПа қысымында сутектендірудің нәтижелеріне сәйкес, реакциялар аяғына дейін жүретіндігі белгілі болды, 9-гексадецин-1-олды сутектендіру 1% Y+10% Cu / γ -Al₂O₃ катализаторында үлкен жылдамдықпен жүреді, реакция 15 минут уақытта аяқталады, ал 0,75% Y+ 10% Cu / γ -Al₂O₃ және 0,5% Y+10% Cu / γ -Al₂O₃ катализаторларының қатысында реакцияның жүру уақыты сәйкесінше 45 және 120 уақытқа созылады. Қолданылған катализаторларда 9-гексадецин -1- ол цис -9-гексадецин-1-олға талғамды түрде алмасатыны катализатордың сараптамасы көрсетті. Иттрий тотығын модификатор ретінде енгізу мыс тотықтарының металға (Cu⁰) дейін қалпына келуіне көмектеседі, сәйкесінше, олар сутегі адсорбциясы мен катализатор белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде көрсетілетіндей, иттрий тотығы қатысында спилловер эффектісі жүреді және ол эффект катализатордың белсенділігін ұлғайтады.

Түйін сөздер: феромондар, экология, катализаторлар, синтез, гидрлеу

Өсімдіктерді зиянкес жәндіктерден қорғау үшін көп жағдайда инсектицидтер қолданылады. Инсектицидтер тек зиянкес жәндіктерді жойып қана қоймай, көптеген пайдалы заттарды да қоса жояды, сонымен

қатар топырақ пен суларды уландырып, қоршаған ортаны ластайды. Нәтижесінде белгілі бір дәрежеде өсімдіктер және олардың ұрықтары уланады, кейін оны күнделікті пайдаланатын адамдар мен жануарлар да улануы мүмкін.

Стереоталғамды каталитикалық сутектендіру дәрі-дәрмектер, өсімдік заттарын, зиянкесті жәндіктердің феромондары мен аттрактанттарын алуда кең қолданылады. Өсімдіктерді қорғауда феромондарды қолданудың негізгі 3 бағыты бар: мониторинг мақсатында қақпанға жәндіктердің еркектерін аулау, популяция санын төмендету мақсатында жәндіктердің еркектерін жаппай аулау және жәндіктердің жыныстық коммуникациясын бұзу мақсатында алдау (дезориентация) [1].

Феромондар мен басқа да биологиялық белсенді заттарды синтездеу кезінде, синтездің негізгі бөлігі, ацетиленді қосылыстарды сәйкес цис-олефиндерге стереоталғамды сутектендіру болып табылады. Бұл үшін ацетилен туындыларын: көмірсутектер, спирттер, альдегидтер, күрделі эфирлер және т.б. қолданылады. Феромондарды синтездеуде аралық заттар болып келетін ацетилен туындыларын каталитикалық жолмен стереоселективті түрде сутектендіру жұмыстары «Д.В. Сокольский атындағы катализ және электрлік химия институтында» жүргізілді [2-6]. Авторлар жұмыстарында тасымалдағышқа бекітілген мыс катализаторлары және сол катализаторларды евродий мен иттрий тотықтарымен модифицирленген катализаторларында бірнеше қанықпаған ацетиленді қосылыстарды стереоталғамды сутектендіру реакциясын зерттеген. Жүргізілген зерттеу жұмыстарында тасымалдағыш ретінде пайдаланылған құрғақ $\gamma\text{-Al}_2\text{O}_3$ 1,5 н. NaOH-пен өңделген. Біздер [7] жұмысына сәйкес, катализаторлардың донорлық қасиетін ұлғайту мақсатында, құрғақ $\gamma\text{-Al}_2\text{O}_3$ тасымалдағышын 2 н. NaOH-пен өңдедік және де тасымалдағыш ретінде MgCO_3 , C қосылыстарын пайдаландық.

373K температураға дейін қыздырылған иттрий нитратының есептеулерге сәйкес мөлшерінің этанолдағы ертіндісіне араластырып тұрып, кептірілген $\gamma\text{-Al}_2\text{O}_3$ салынады да ертіндімен сіңіріледі. Сонан соң тұнбаның бетіндегі ертіндіні төгіп, араластыру нәтижесінде мыс нитратының спиртті ертіндісі күйылады да, суспензия 373 K температурада магнитті араластырғышта 4 сағат бойы араластырылады. Пайда болған тұнбаны сүзіп алып, 373 K температурада кептіреді.

	ша жазылған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер («Мектеп» және «Кітап» баспаларынан шыққан оқулықтар) таратылып беріледі; №4 Тапсырма оқулықты тақтадағы берілген реттілікпен талдау)	(тақтадағы реттілікті ескере отырып орындау керек)
10 /	Студенттерге постер таратылады	Олар өзара талқылаған мәселелерін постерге түсіреді
5 /	Орындаған тапсырмаларды қалай талқылайды, сол сәтті қадағалау	Студенттер орындаған тапсырмаларын келесі жұппен талқылайды
5 /	Өз еріктерімен бір студент осы тақырыпты қалған студенттерге баяндайды	Студенттер мұхият тыңдап, толықтыру керек.
5 /	Сергіту сәті (серіктесіне сенімділігін тексеру)	Студент бір біріне қарама-қарсы тұрады, арқасымен құлайды, екінші студент оны құлатпай ұстап қалу керек
10 /	Күнгізбелік тақырыптық жоспар құру (мысал: 8-сынып), Барлық студенттерге тақтаға тақырыптық-күнгізбелік жоспар сызылады (№1 зертханалық жұмыс материалдары пайдаланылады) бірінші өзім көрсетемін, ары қарай студенттер жалғастырады №5 Тапсырма	Студенттер дәптерлеріне қосыла жазады
10 /	Үзіліс	
5 /	Сергіту сәті (айнаға қарап суреттеу)	Өз қалаулары бойынша шығады да айнадағы бейнені суреттейді, студенттер сол адамды табу керек
5 /	Студенттермен диалог орнату	Студенттер түсінбегендері туралы сұрайды (кері байланыс)
10 /	Сабақ жоспарларын дәстүрлі жоспарлау тәртібіне сәйкес құру (мұғалім түсіндіреді) №1 зертханалық жұмыстағы үлгіні пайдалану № 6 Тапсырма	Студенттер дәптерлеріне жазып отырады
15 /	Әрбір студентке сабақ фрагменттерін құру үшін алдын ала дайындалған материалдар таратылып беріледі	Студенттер өздеріне түскен сабақ фрагменттерін құру керек
15 /	Студенттерге жасаған дәстүрлі сабақ фрагменттерін презентациялау керек (№7 тапсырма)	Студенттер өз презентациясын қорғайды
Ресурстар	Стандарт, оқу бағдарламалары, оқулықтар, постерлер, стикерлер, түрлі-түсті қаламдар, таратпа қағаздар, интерактивтік тақта.	

Жоғарыда, берілген орта мерзімді жоспарды, әрбір мұғалім өз іс-тәжірибесінде оқушылармен немесе студенттермен диалогқа түсу кезінде, олардың білімін бағалауға байланысты мұғалім өз мүмкіндігіне қарай құрып түрлендіріп, жетілдіріп, өзгертіп оқытуларына болады.

1 Әлімов А. *Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы.* – Алматы, 2009. - 263 бет.

2 Қараев Ж.А., Кобдикова Ж.У. *Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода.* – Алматы, 2005. – 136 с.

3 Андреева Н.Д., Соломин В.П., Васильева Т.В. *Теория и методика обучения экологии: учебник для студ. высш. учеб.заведений / под ред. Н.Д. Андреевой.* – М.: Издательский центр «Академия», 2009.

4 Избасарова Р.Ш., Мансуров Б.А., Жумагулова К.А. *«Применение современных технологий обучения на естественнонаучных дисциплинах общеобразовательной школы» - учебно-методическое пособие.* - Алматы. «Улагат», КазНПУ им. Абая. 2014. – 67 с.

Резюме

Жумагулова К.А. - к.п.н., доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая
«Использование новых подходов при обучения биологии»

Данная статья направлена для дальнейшего овладения интерактивных методов и приемов на уроках биологии. Результаты сегодняшней практики в системе образования доказывает, что учение и обучение осуществляется на основе активных взаимоотношений. По этой причине интерактивные методы должны сформировать основу учебного процесса, каждый учитель должен применять в своей методике интерактивные методы и приемы. Так как понятие «интерактивное обучение и учение» является всесторонним, и со широким смыслом его методике можно увидеть в системе учение и обучения. К этому ряду можно отнести широко известные в нашей среде среди педагогов, такие как М.Жанпейсова «Технология модульного обучения», Ж.А. Караева и Ж.М. Кобдикова «Трехуровневая методическая система» и другие проекты и программы. В связи с этим, в этой статье для молодых неопытных учителей приведены примеры многих идей, методов и приемов проекта «Развитие посредством обучения и написание

критического мышления», а так же уделено внимание как применяют в учебном процессе интерактивные методы при переходе из традиционного плана урока к плану урока со средним сроком.

Ключевые слова: новые подходы, интерактивные обучения, критические мышления

Summary

Zhumagulova K.A. - Candidate of Pedagogical sciences, docent,
Abai kazakh national pedagogical university, Kazakhstan, Almaty
«New approaches at biology training»

This article aims to further mastery of interactive methods and techniques in biology class. Today, the practice results in education shows that the teaching and learning is based on a loan-active relations. For this reason, interactive methods should form the basis of the educational process, each teacher should use the technique in their interactive methods and techniques. Since the concept of "interactive teaching and learning" is comprehensive, and with a broad sense of his technique can be seen in the teaching and learning system. This series may include well-known in our environment among teachers, such as how M.Zhanpeysova "Technology of modular training" Zh.A. Karaeva and Zh.M. Kobdikova "three-tier system of methodical" and other projects and programs. Therefore, in this article for young inexperienced teachers are examples of many of the ideas, methods and techniques of project "Development through training and writing critical thinking", and also received attention as used in the learning process interactive methods in the transition from tradiotsionnogo lesson plan to lesson plan with an average for the period.

Keywords: New approaches, interactive learning, critical thinking

ӘОЖ 636.366.63.085.51

ОРТА МЕКТЕПТЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Г.С. Камиева – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақалада еліміздің орта мектептеріндегі экологиялық білім беру жүйесіне және білімнің қарапайымнан күрделіге қарай күрделенудің негізгі кезеңдеріне тоқталған. Бұл жұмыста орта мектептің бастауыш буын, орта буын, жоғарғы буындарында табиғат, айналадағы орта туралы қарапайым білім берумен қатар, оларды қорғауға ұштастыру оқушының табиғат танымын одан әрі дамыта түсетіндігі және күрделеніп тіршілік ортасы, ағза мен орта, факторлар, оларға ағзалардың бейімделуі ғылыми түрде берілуі тиіс екендігі, сонымен бірге биология пәнінен экологиялық білімді популяциялар, олардың биологиялық, жастық, жыныстық құрылымымен, өзара қарым-қатынастарымен жан-жақты танысу арқылы алатындығы туралы айтылған. Оқушыларға эокөйе, биоценоз, биогеоценоз, қолданбалы экологияның маңыздылығын және қоршаған ортаға өнеркәсіптің, тыңайтқыштардың зиянды әсерін, өндірістен бөлінетін әртүрлі газдардың атмосфера, гидросфера, литосфера, биосфераға әсерін және олардың ластану жолдарының алдын алу үшін қолданылатын шаралар туралы алғашқы түсініктерін қалыптастырып, жалпы экологиялық мәдениетін қалыптастыруға тоқталған. Оқушылардың сабаққа деген ынтысын, қызығушылығын арттыру және білімдерін нығайту мақсатында КВН, сайыстар, пресс-конференция, пікірталас, кіріктірілген сабақтар, ішінара зерттеушілік т.б. әдістер қолданылатындығы туралы айтылған. Осы орайда «Биосфера құрылысы, құрамы. Биосферадағы заттар айналымы» тақырыбын п.ғ.к., доцент Ә.Қ. Қисымқызының педагогикалық технологиясының үлгісіне салып, 5 түрлі тапсырмалар блогынан тұратын сабақтың құрылымын берген. Сабақ 5 құрылымнан: ақпарат блогынан (ұйымдастыру кезеңі, жаңа тақырыпты түсіндіру), логикалық тапсырмалар (деңгейлік тапсырмалар) блогынан, жаттықтыру және білімді еске алу блогынан, интеллектуалдық тренинг блогынан және күтілетін нәтижелер блогынан тұрады. Сабақта биосфера, оның құрылысы, құрамы, шекаралары, тірі организмдердің биосферада таралуы, заттар айналымы мен оның маңызы жайлы білім беріп, биосфера тұрақтылығының адамзат болашағындағы рөлі туралы В.И. Вернадскийдің «Ғаламшардың болашағы, тыныс-тіршілігі адамзат баласының ақыл-ойы, парасатына тәуелді дамиды», – деген тұжырымын талдайды. Оқушылардың білімін деңгейлік тапсырмалар арқылы тексеріп, логикалық ойлау, ой қорыту, өздігінен және топта жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады.

Түйін сөздер: қоршаған орта, эокөйе, биоценоз, биогеоценоз, ландшафтар экологиясы, қолданбалы экология, популяция, ағза, атмосфера, гидросфера, литосфера, биосфера, биотикалық факторлар, абиотикалық факторлар, антропогендік факторлар, биогенді заттар

Орта мектепте экологиялық білім беру жүйесін үш негізгі буынға бөлуге болады: бастауыш буын, орта буын, жоғарғы буын. Бастауыш буын үшін дүниетану пәнінде (1-4 сыныптар) табиғат, айналадағы орта, жер, су, әуе қабаттары туралы қарапайым білім берумен қатар, оларды қорғауға ұштастыру оқушының табиғат танымын одан әрі дамыта түседі. Орта буын үшін (5-8 сыныптар) экология пәні күрделене түседі, бұл бөлімде тіршілік ортасы, ағза мен орта, факторлар, оларға ағзалардың бейімделуі ғылыми түрде берілуі тиіс. Жоғарғы буында оқушылар (9-11 сыныптар) биология пәнінен экологиялық білімді популяциялар, олардың биологиялық, жастық, жыныстық құрылымымен, өзара қарым-қатынастарымен жан-жақты танысу арқылы алады.

Сонымен қатар жоғарғы буын оқушыларына экожүйе, биоценоз, биогеоценоз, ландшафттар экологиясы, қолданбалы экологияның маңыздылығын және қоршаған ортаға өнеркәсіптің, тыңайтқыштардың зиянды әсерін, өндірістен бөлінетін әртүрлі газдардың ауада су тамшыларымен әрекеттесіп қышқылдық жауын ретінде түсетіндігін түсіндіру қажет. Экология тарауында атмосфера, гидросфера, литосфера, биосфераның ластануы және оны жою үшін қолданылатын шаралар туралы алғашқы түсініктерін, жалпы экологиялық негізін салған жөн [1].

Оқушылардың осы кезеңде сабаққа деген ынтасы төмендейтіндіктен, сабаққа қызығушылығын арттыру және білімдерін нығайту мақсатында КВН, сайыстар, пресс-конференция, пікірталас, кіріктірілген сабақтар, ішінара зерттеушілік т.б. әдістер қолданылады. Осы орайда «Биосфера құрылысы, құрамы. Биосферадағы заттар айналымы» тақырыптарындағы сабақтың оқыту әдістемесінің үлгісі ұсынылады.

«Биосфера құрылысы, құрамы. Биосферадағы заттар айналымы»

Сабақтың мақсаты: Биосфера құрылысы, құрамы, оның шекаралары, тірі организмдердің биосферада таралуы, заттар айналымы мен оның маңызы жайлы білімді меңгеру. Биосфера тұрақтылығының адамзат болашағындағы рөлі туралы дүниетанымды байыту.

САБАҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (Сабақ барысы):

I. АҚПАРАТ БЛОГЫ (15 мин). (Ұйымдастыру кезеңі, жаңа тақырыпты түсіндіру).

II. ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР БЛОГЫ (ЛТ блогы) (7 мин.).

III. ЖАТТЫҚТЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМДІ ЕСКЕ АЛУ БЛОГЫ (ЖБЕА блогы) (5 мин.).

IV. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ТРЕНИНГ БЛОГЫ (ИТр блогы) (9 мин.).

V. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР БЛОГЫ (КН блогы) (9 мин., соның ішінде: 5 мин.-эссе жазу, 2 мин. – бағалау; 2 мин – үй жұмысы жөнінде кеңес беру).

ОҚЫТУ ӘДІСІ: *Ішінара зерттеушілік.*

МҰҒАЛІМ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ТӘСІЛІ: *Қажетті қосымша ақпаратты береді, алдын-ала әзірленген тапсырмалардың орындалуын ұйымдастырады, қажет болса көмек көрсетеді.*

ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАСЫ: *Белсенді іздену, жұп-жұп болып не шағын топтарда жұмыс істеу.*

ТАНЫМДЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫ: *ЛТ, ЖБЕА және ИТр блоктарының тапсырмалары.*

ОҚУШЫ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ: *Күтілетін нәтижеге қол жеткізу мақсатында ұсынылған алгоритм бойынша жұмыс жасау.*

ОҚУШЫДА ДАҒДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ: *Логикалық ойлау, ой қорыту, өздігінен және топта жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.*

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ТЕРМИНДЕР: *Биосфера, литосфера, атмосфера, гидросфера, биотикалық факторлар, абиотикалық факторлар, антропогендік факторлар, биогенді заттар.*

САБАҚ БЛОКТАРЫ ▽

I. АҚПАРАТ БЛОГЫ

- ЖОСПАРЫ:** 1. Биосфера. Биосфераның құрылысы, құрамы мен шекаралары.
2. Биосферада тірі организмдердің таралуы, рөлі.
3. Биосфераның қызметі, ондағы заттар айналымы, маңызы.

СЛАЙДТАР:

1.1. Биосфера – Жер ғаламшарының тірі организмдер мекендейтін, тіршілік тараған қабаты. «Биосфера» терминін ғылымға алғаш рет 1803 ж. Ж.Б. Ламарк енгізді. Алайда ол ұзақ уақыт бойы ғылымда пайдаланылмай келді. Термин 1875 ж. австралиялық геолог Э.Зюсс, кейін (1944 ж.) орыс ғалымы В.И. Вернадскийдің биосфера туралы ілімін ашуынан кейін кеңінен қолданысқа ене бастады.

1.2. В.И. Вернадский өз еңбегінде: «Ғаламшардың болашағы, тыныс-тіршілігі адамзат баласының ақыл-ойы, парасатына тәуелді дамиды», – деп көрсеткен болатын.

Ғалым бұл жерде биосфера тұрақтылығы адамзатқа тікелей байланысты екендігін көрсетуге тырысты.

1.3. Биосфера үш қабаттан құралады, олар: атмосфера – газды, гидросфера – сулы және литосфера – қатты қабат.

Биосфера шекарасы атмосфераның төменгі қабатын, гидросфера мен литосфераның жоғарғы бөлігін қамтиды, мұндағы:

– атмосфера қабаты 20–25 км биіктікте озон қабатымен шектеледі;

– литосфера 3,5–7,5 км тереңдікке, ал

– гидросфера 10–11 км тереңдікке жетеді.

1.4. Биосфераның бұл шекараларын келесі абиотикалық факторлар анықтайды: оттегінің жоқтығы; төмен не жоғары температура; өте жоғары қысым.

Осы факторларды негізге ала отырып В.И. Вернадский: «Биосфера – бұл +50°С-ден – 50°С-ге дейінгі температурасы бар термодинамикалық қабат», – деген анықтама берді*.

* Ескеретін жайт! Ғылымның соңғы жетістіктері жоғарыда көрсетілген шекарадан да тереңірек тіршілік иелерін кездестіруге болатындығын анықтауда, дегенмен көрсетілген қабат тіршілікке қолайлы қабат болып саналады.

1.5 Атмосфера – тіршіліктің газды қабаты, негізінен оттегі мен азоттан тұрады. Бұл газдардан басқа, онда CO₂-нің 0,03%-ы мен озон болады.

Бұл заттар тіршілік үшін маңызды:

– оттегі тыныс алу процесі үшін қажет;

– CO₂ – фотосинтезде маңызды, өлі органикалық заттарды минералдауға қатысады;

– озон қабаты жер бетін ультракүлгін сәулелердің зиянды әсерінен қорғайды.

Гидросфера – тіршіліктің сулы қабаты, Жер шарының беткі бөлігінің 70%-ын алып жатыр. Судағы еріген оттегі мен CO₂ қос тотығының маңызы зор. Олар тірі организмдердің тіршілігіне байланысты өзгеріп тұрады.

Литосфера тіршіліктің топырақ қабаты болып саналады [2].

1.6 Биосфераны мына заттар құрайды:

тірі зат – тірі организмдер (өсімдіктер, жануар, саңырауқұлақ, т.б.) жиынтығы;

биогенді зат – организмдердің тіршілік әрекеті нәтижесінде түзілген заттар (мұнай, таскөмір т.б.); жиынтығы;

бейорганикалық зат – тірі организмдердің қатысуынсыз түзілген заттар (жанартау жыныстары);

биоминералдық зат – тірі организмдер мен өлі табиғат процестері қатысында түзілген заттар (топырақ т.б.).

2.1 Тірі организмдердің биосферада таралуы жайлы мәліметтер:

– тірі организмдер биосфера қабаттарында біркелкі таралмаған;

– тіршілік Жер бетінде негізінен топырақ пен мұхиттың жоғары қабатында шоғырланған;

– ал биіктікте және тереңдегі төмен қабаттарда тіршілік аз таралған.

2.2 Биосфераның тірі заты, оның өлі затының 0,01–0,02%-ын ғана құрайды. Осындай арақатынасқа қарамастан, ол геохимиялық процестерде басты рөл атқарады.

Тірі организмдер өздеріне қажетті заттар мен энергияны қоршаған ортадан алады. Жыл сайын биомассаның 10%-ы қайта түзіледі.

2.3. Биосфераның негізгі қызметі – ондағы заттар айналымын қамтамасыз ету. Ал бұл қызмет тірі организмдер арасындағы айналым негізінде жүзеге асады.

3.1 Заттың табиғаттағы айналымдары:

– су айналымы;

– көміртек айналымы;

– азот айналымы;

– фосфор айналымы.

3.2 Су айналымы.

Су буланады, ол қышқыл-сілтілі жаңбырлар түрінде жауып, тау жыныстарын бұзады, топырақтың беткі қабатын тіршілікке жарамсыз етеді;

Су айналымы – судың мұхит пен құрлық арасындағы маңызды айналым болып табылады.

3.3 Көміртек айналымы.

Көміртек фотосинтез процесіне қатысады, нәтижесінде тіршілігіне қажетті оттегін атмосфераға бөледі.

3.4 Азот айналымы. Атмосфералық азотты азотты бактериялар өсімдік пайдалана алатындай етіп топыраққа ендіреді, сөйтіп ондағы жалпы азот қорын көбейтеді. Осылайша азот топырақтан өсімдікке, одан белок түзуге, ал өсімдік тіршілігін жойғаннан кейін амиакка айналады. Сөйтіп, күрделі азот айналымы жүреді.

3.5 Фосфор айналымы. Фосфор негізінен шөгінді қабаттарда шоғырланған. Тыңайтқыш ретінде пайдаланған кезде, өсімдік оның аз ғана бөлігін пайдаланады. Қалған бөлігі қайта шөгіп, теңіздерге түседі де қайта айналымға қосылады. Фосфордың көп бөлігі айналымнан ауланған балықпен бірге шығарылады. Сонымен бірге жыныстардан өндіріледі.

Биосферадағы заттардың айналымы арқасында оның тұрақтылығы сақталады.

II. ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР БЛОГЫ

Мына кестені толтырып, сабақтың мазмұны бойынша қорытынды шығар.

Биосфера ұғымы, оның қалыптасуы	Биосфера қабаттары мен шекаралары	Биосфераның құрамы	Тірі организмдердің биосферада таралуы	Биосферадағы заттар айналымы, маңызы

Қорытынды: _____

ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР:

I ДЕҢГЕЙ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Тірі организмдер мекендейтін қабат. _____
2. «Биосфера» ұғымының кеңінен пайдаланылуына В.И. Вернадский еңбегі қалай әсер етті? _____

3. Биосфераның тіршілік тараған қабаттарының төменгі және жоғарғы шекараларына сипаттама беріңдер. _____

4. Биосфераның құрамындағы заттардың өзара байланысын түсіндіріңдер. _____

5. Тірі организмдердің биосфера қабаттарында әркелкі таралуы. _____

6. Тірі организмдердің биосферада атқаратын рөлі қандай? _____

7. Заттар айналымы нені қамтамасыз етеді? _____

II ДЕҢГЕЙ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Биосфераның әртүрлі бөлігінде тіршіліктің тығыздығы қандай, неге өзгертіндігін түсіндіріңдер. _____

2. Тірі организмдер су мен басқа заттар айналымына қалай әсер етеді? _____

III ДЕҢГЕЙ ТАПСЫРМАСЫ

Атмосфера, гидросфера мен литосфера құрамбөліктерінің өзгеруі биосфераның тұрақтылығына қалай әсер етеді? _____

IV. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ТРЕНИНГ БЛОГЫ

Топтық жұмыс. Адам іс-әрекетінің биосферадағы заттардың ғаламдық айналымына әсері қандай? _____

V. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ БЛОГЫ

Сабақтың мақсатына қалай қол жеткізгендігің туралы жаз _____

Сабақты бағалау: Негізгі баға ЖБЕА блогының тапсырмаларын орындау үшін, ал қосымша (бонус) баға ИТр блогы үшін есептеледі [3].

Үй тапсырмасы:

В.И. Вернадскийдің «Ғаламшардың болашағы, тыныс-тіршілігі адамзат баласының ақыл-ойы, парасатына тәуелді дамиды» деген ойының маңызын бүгінгі сабақ мазмұнан қалай түсінгендеріңді тұжырымда.

1 Бейсенова Ә.С., Самақова А.Б., ЕсполовТ.И., Шілдебаев Ж.Б. *Экология және табиғатты пайдалану.* - А.: Ғылым, 2004. - Б. 16-26.

2 Захаров В.Б., Мамонтов С.Г., Сонин Н.И., Кисымова Ә.Қ. *Жалты биология. / Жалты білім беретін мектептердің жаратылыстану-математикалық бағдардағы ІІ сыныбына арналған оқулық.* – Алматы: Дрофа-Кітап, 2004. - 565-575 бб: суретті.

3 Кисымова Ә.Қ., Нұрланов Е.Б. *Педагогикалық технологиялар. Оқу-әдістемелік құрал.* – Алматы, 2007. – 134-145 б.

Резюме

Камиева Г.С. – страший преподаватель, kamievags@mail.ru,
Казахский национальный педагогический университет им. Абая
«Экологическое образование в средней школе»

В статье рассматривается система экологического образования в школах республики и усложнение этих знаний от простого к сложному. В этой работе на уровнях начальной, средней и старшей классов, простые понятия – природа, окружающая среда, земельные, водные, воздушных слои сочетаются с охраной и защитой их, развитие познания природы и усложнения окружающей среды, организм и среда, факторы, приспособления их к условиям среды должны раскрываться с научной стороны, что ведет к дальнейшему развитию экологических знаний в биологии о популяциях, их биологической, возрастной и половой структурах, взаимоотношениях и взаимодействиях. Школьникам показаны важность понятия экосистемы, биоценозы, биогеоценоз, ландшафтная экология, прикладная экология и вредного воздействия на окружающую среду удобрений, выброс промышленных газов в атмосферу, гидросферу, литосферу, биосферу и мерах, принятых для предотвращения этих загрязнений при формировании начальных понятий и в конечном итоге формирование экологической культуры. Особо подчеркивается важность использования различных мероприятий – КВН, конкурсы, соревнования, пресс-конференции, дискуссии в повышении интереса к познанию у учащихся. Дается структура урока, основанной на пяти уровневом блоке задания на примере темы «Строение и структура биосферы. Круговорот веществ в биосфере», разработанной к.б.н., доцентом Ә.Қ. Қисымқызы как пример педагогической технологии. Урок состоит из пяти частей: информационный блок (организация урока, объяснение нового материала), блок логических заданий (разноуровневые задания), блок упражнений и повторений, блок интеллектуальных тренингов и блок ожидаемых результатов. На уроке даются знания о биосфере, ее границах, составе, структуре и распространении живых организмов в биосфере, круговороте веществ и его значении. Вся совокупность этих знания основываются на положениях учения В.И. Вернадского о биосфере: «Будущее развитие планеты зависит от разумного поведения человечества». Проверка знаний учащихся посредством разноуровневых заданий формирует логическое мышление, умозаключения, индивидуальны и групповые формы работы.

Ключевые слова: окружающая среда, экосистема, биоценоз, биогеоценоз, экология ландшафтов, прикладная экология, популяция, организм, атмосфера, гидросфера, литосфера, биосфера, биотический фактор, абиотический фактор, антропогенный фактор, биогенные вещества

Summary

Kamiyeva G.S. - Senior lector, Kazakh national pedagogical university named after Abay, kamievags@mail.ru
«Environmental education in secondary schools»

In the article is considered the system of environmental education in the country's schools and the complexity of knowledge from simple to difficult. In this work are combined at the primary stage, middle and high school, a simple concept - the nature, the environment, land, water, air layers with the preservation and protection of, the development of knowledge of the nature and complexity of the environment, the body and the environment factors, adapting them to environmental conditions should be disclosed to the scientific side, which leads to the further development of environmental knowledge in biology of populations and their biological, age and sex, relationships and interactions. Pupils are shown the importance of the concept of ecosystem, biocenosis, biogeocoenosis, landscape ecology, applied ecology and the harmful environmental impact of fertilizers, emissions of industrial gases in the atmosphere, hydrosphere, lithosphere, biosphere and the measures taken to prevent such contamination in the form of initial concepts and, ultimately, formation of ecological culture. It emphasizes the importance of using a variety of activities- competitions, press conferences, discussions in raising the interest in the knowledge of the students. It is given the structure of the lesson, based on the five-tiered unit setting the example theme "Structure and structure of the biosphere. Circulation "The substances in the biosphere" developed by PhD, assistant professor A.H.Kisimkizi as an example of educational technology. The lesson consists five parts: an information block (the organization of the lesson, the explanation of a new material), the unit of logical tasks (split-level jobs), a block of exercises and repetitions, intelligent block trainings and block the expected results. The lesson is given knowledge of the biosphere, its boundaries, the composition, structure and distribution of living organisms in the biosphere, the cycle of matter and its significance. The totality of this knowledge are based on the teachings of V.I. Vernadsky on the biosphere: "The future development of the planet depends on reasonable behavior of mankind." Checking the students' knowledge through multi-level tasks generates logical thinking, reasoning, individually and group forms of work.

Keywords: environment, ecosystem, biocenosis biogeocoenosis, landscape ecology, applied ecology, population, body, atmosphere, hydrosphere, lithosphere, biosphere, biotic factors, abiotic factors anthropogenic factor, nutrients

ТЕСТОВЫЕ ЗАДАНИЯ НА УСТАНОВЛЕНИЕ ПРАВИЛЬНОЙ ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТИ ПО ТЕМЕ: «РАЗНООБРАЗИЕ ЖИВЫХ ОРГАНИЗМОВ»

Н.С. Жусупбекова – к.х.н., старший преподаватель КазНПУ им. Абая

В статье описываются тестовые задания на установление правильной последовательности по теме: «Разнообразие живых организмов». Цель тестовых заданий на установление правильной последовательности проверить знания о последовательности процессов, действий и т.д. Перед такими заданиями необходимо дать инструкцию: установите правильную последовательность. Приводятся название задания и основные его элементы в произвольной последовательности. Перед каждым элементом ставят прямоугольник, в который ученик выставляет цифру, указывающую на порядок действия. В случаях хотя бы одной ошибки, ответ считается неверным. Контроль знаний и оценка учащихся - важная часть процесса обучения, цель которой состоит в выяснении объема, прочности и осознанности знаний учеников, степени овладения практическими навыками, умения самостоятельно мыслить и применять полученные знания на практике. Существует различные формы контроля знаний и оценки учащихся, широкое распространение получило педагогическое тестирование. Из педагогического опыта установлено, что использование заданий в тестовой форме оказывает меньшую от учителя, психологическую нагрузку на учеников, дает объективную оценку знаний, не зависящую от учителя, обеспечивает контроль знаний одновременно у всех учащихся класса и значительно сокращает затраты времени на его проведение. Из нескольких форм тестовых заданий наиболее оптимальные четыре вида. Это: 1. Закрытые задания; 2. Задания на соответствия; 3. Задания на установление правильной последовательности; 4. Открытые задания. Подавляющее большинство тестов – закрытые задания, в которых приводится задание и несколько ответов, один из которых правильный. Тестовые задания на установление правильной последовательности практически не составляются. В данной статье приведены примеры тестовых заданий на установление правильной последовательности по теме: «Разнообразие живых организмов».

Ключевые слова: контроль знаний, педагогическое тестирование, формы тестовых заданий, закрытые задания, задания на соответствия, задания на установление правильной последовательности, открытые задания

Контроль знаний и оценка учащихся - важная часть процесса обучения, цель которой состоит в выяснении объема, прочности и осознанности знаний учеников, степени овладения практическими навыками, умения самостоятельно мыслить и применять полученные знания на практике. Существует различные формы контроля знаний и оценки учащихся. Кроме этих форм контроля знания, широкое распространение получило педагогическое тестирование. Опыт показал, что использование заданий в тестовой форме оказывает меньшую от учителя, психологическую нагрузку на учеников, дает объективную оценку знаний, не зависящую от учителя, обеспечивает контроль знаний одновременно у всех учащихся класса и значительно сокращает затраты времени на его проведение [1-3].

Из нескольких форм тестовых заданий наиболее оптимальные четыре вида [4, 5].

Это:

1. Закрытые задания;
2. Задания на соответствия;
3. Задания на установление правильной последовательности;
4. Открытые задания

Подавляющее большинство тестов – закрытые задания, в которых приводится задание и несколько ответов, один из которых правильный. Тестовые задания на установление правильной последовательности практически не составляются.

Цель данных заданий – проверить знания о последовательности процессов, действий и т.д. Перед такими заданиями необходимо дать инструкцию: установите правильную последовательность. Приводятся название задания и основные его элементы в произвольной последовательности. Перед каждым элементом ставят прямоугольник, в который ученик выставляет цифру, указывающую на порядок действия. В случаях хотя бы одной ошибки, ответ считается неверным.

В данной статье рассмотрим примеры тестовых заданий на установление правильной последовательности по теме: «Жизнедеятельность одноклеточных животных».

Примеры заданий:

1 Живые организмы делятся на 5 царств, располагающие в следующей последовательности

1	Царство животных
4	Царство растений
3	Царство грибов

- | | |
|---|-------------------------|
| 5 | Царство микроорганизмов |
| 2 | Царство вирусов |

Ответ: 2,5,3,4,1

2 Растения систематизируются в следующей последовательности

- | | |
|---|-----------|
| 7 | царство |
| 5 | отдел |
| 3 | класс |
| 2 | порядок |
| 4 | семейство |
| 6 | род |
| 1 | вид |

Ответ: 7,5,3,2,4,6,1

3 Животные систематизируются в следующей последовательности

- | | |
|---|-----------|
| 1 | царство |
| 6 | тип |
| 4 | класс |
| 3 | отряд |
| 5 | семейство |
| 7 | род |
| 2 | вид |

Ответ: 1,6,4,3,5,7,2

4 Представители живых организмов, располагаются в следующей последовательности

- | | |
|---|------------------------|
| 5 | Вирус табачной мозаики |
| 3 | цианобактерии |
| 1 | мукомор |
| 2 | папоротники |
| 4 | насекомые |

Ответ: 5,3,1,4

5 Представители живых организмов, располагаются в следующей последовательности

- | | |
|---|----------------|
| 5 | Вирус гриппа А |
| 3 | сальмогиллы |
| 1 | трутовик |
| 4 | плауны |
| 2 | рыбы |

Ответ: 5,3,1,4,2

Таким образом, в данной статье представлены тестовые задания на установление правильной последовательности по теме: «Разнообразие живых организмов», приведены их примеры.

Несмотря на достоинства тестовых заданий, существуют и недостатки: есть возможность угадывания ответов, не позволяет проверить усвоение всех вопросов содержания, умение логически рассуждать и излагать свои мысли. В связи с этим, необходимо сочетание тестовых заданий с традиционными формами и методами контроля.

1 Котлярова О.С. Учет знаний по химии / О.С. Котлярова. – М.: Просвещение, 1980.

2 Рысс В.Л. Контроль знаний учащихся / В.Л. Рысс. – М.: Педагогика, 1982.

3 Урванцева Г.А. О формах тестовых заданий / Г.А. Урванцева // Биология в школе. – 1995. - №4.

4 Мансуров Б.А. Тестовые задания по химии для контроля качества знаний / Б.А. Мансуров. – Алматы: АГУ им. Абая, 1996.

5 Мансуров Б.А. О формах и принципах формирования тестовых заданий по химии / Б.А. Мансуров // Вестник АГУ им. Абая. Серия естественно-географические науки. – 2002. - №1.

Түйін

Жусупбекова Н.С. - аға оқытушы, х.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ

«Тірі ағзалардың көптүрлілігі» тақырыбына арналған дұрыс ретті анықтау тестілік тапсырмалар

Бұл мақалада "Тірі ағзалардың көптүрлілігі" тақырыбына арналған дұрыс ретті анықтау тестілік тапсырмалар сипатталған. Дұрыс ретті анықтау тестілік тапсырмалардың мақсаты іс-әрекетердің, процесстердің және т.б. тізбегіндегі білім қалыптасуын тексеру. Осындай тапсырмаларға нұсқаулар беру қажет: дұрыс ретті анықтау. Тапсырмалардың аты және олардың негізгі элементтері еркін ретпен келтіреді. Әр элементтің қасына төрт бұрыш қойылады, оқушы оның ішіне сан жазады, ол сан іс-әрекеттің ретін білдіреді. Бір қате болса да, жауап дұрыс емес деп саналады.

Оқушылардың білімін тексеру және бағалау – оқу процесінің маңызды бөлімі, оның мақсаты – оқушылардың білімінің көлемін, мықтылығын және есте сақтауын, практикалық дағдылардың меңгеру дәрежесін, өздігінен – өзі ойлау білігін және практикада алған білімін қолдануын анықтау. Оқушылардың білімін тексеру және бағалау үшін әр түрлі білім тексеру және бағалау формалары бар, кең таралғаны педагогикалық тестілеу. Педагогикалық тәжірибеде тест формадағы тапсырмаларды қолданғанда мұғалім тарапынан оқушыға психологиялық жүк аз болатыны, оқушының білімі мұғалімнен тәуелсіз объективті бағаланатыны, сыныптағы барлық оқушылардың білімі бір уақытта тексеруді қамтитыны және де оның өткізу уақыты бірталай қысқартылғаны анықталды.

Бірнеше тест тапсырмалардың формаларының ішінде ең үйлесімдісі 4 түрі. Олар: 1. Жабық тапсырмалар, 2. Сәйкестік тапсырмалар, 3. Дұрыс ретті анықтау тапсырмалар 4. Ашық тапсырмалар.

Тестілердің басым көпшілігі – жабық тапсырмалар, оларда тапсырмалар және бірнеше жауаптың ішінде біреуі дұрыс жауаптар беріледі. Дұрыс ретті анықтау тестік тапсырмалар көбінесе құрастырылмайды.

Бұл мақалада "Тірі ағзалардың көптүрлілігі" тақырыбына дұрыс ретті анықтау тестілік тапсырмалардың мысалдары келтірілген.

Түйін сөздер: білімнің тексерісі, педагогикалық тестілеу, тестік тапсырмалардың формалары, жабық тапсырмалар, сәйкестік тапсырмалар, дұрыс ретті анықтау тапсырмалар, ашық тапсырмалар

Summary

N.S. Zhussupbekova - Kazakh National Pedagogical University named after Abay

Senior teacher of chair «Technologies of training of natural disciplines», Cand. Chem.

Test tasks for establishment of the correct sequence on the subject: «variety of living organisms»

This article described test tasks on establishment of correct sequence on the topic: «Variety of living organisms». Aim of test tasks is establishment the correct sequence to check knowledge about the sequence of processes, actions etc. Before tasks it is necessary to give instruction: fix a correct sequence. Before every element put a rectangle, in that a student proposes a number indicative on the order of action. In the cases of even one error, an answer is considered incorrect. Control of knowledge and estimation of students are important part of process of educating, the aim consists of finding out of volume, durability and realized knowledge of students, degrees of capture by practical skills, abilities to think independently and apply gain knowledge in practice. There are different forms of control knowledges and estimation of students, wide distribution got the pedagogical testing. From pedagogical experience, it is established that test renders less psychological loading on students, gives the objective estimation of knowledge, not depending on a teacher, provides control of knowledge simultaneously at all students and considerably reduces time on his realization. There are four most optimal kinds of tests. They are: 1. Closed tasks; 2. Tasks on accordances; 3. Tasks on establishment of correct sequence; 4. Open tasks.

Swingeing majority of tests is the closed tasks where task and a few answers are given, one of that correct. Tests on establishment of correct sequence practically are not made. There are tests of establishment the correct sequence on the topic: «Vital functions of one-celled animals» in this article.

Keywords: control of knowledge, pedagogical testing, forms of tests, closed tasks, tasks on accordances, tasks on establishment of correct sequence

ТУРИЗМ

ӘОЖ 37.016:911.3:33

ШАРУАШЫЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ АЯСЫНДА ТУРИСТІК КЛАСТЕРДІ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

С.К. Алшымбеков – аға оқытушы, п.ғ.к.,

А.А. Даутова – «География» мамандығының I курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақалада Арал теңізінің бассейнінің өзендерінің суларын тарату мәселесі қарастырылады. Қазақстанның Арал теңізіне жататын аймақтарының халқының өмірінің жан жақты мәселелері және олардың себептері; Траншекаралық бақылаудың саясат, экология және экономикамен байланысы; Траншекаралық, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық тығырықтан шығу жолдары; Орталық Азия мемлекеттерінің су ынтымақтастығын бақылайтын халықаралық заңнамалар мен институттардың іс жүзінде істемейтіні анық, сондықтан мемлекетаралық күнделікті мәселелерді шешудің бір амалы - әкімшілік әдіс болып табылады. Алайда, судың таратылуындағы тұрақсыздық, суды пайдаланудың ұзақмерзімді жоспардың жоқтығы экологиялық жағдайдың тас-талқанын шығарады, экономикалық дамуды тоқтатып, елдің тұрақты өміріне және денсаулық құқығына, жеке моральді және материалды қажеттілігін қанағаттандыруына шек қояды. Мақалада Халықаралық трансшекаралық өзендерінің мәселелерін шешу жөніндегі банктың (ХТӨБ) құрылу идеясы ұсынылады. Орталық Азия елдерінің Сырдария өзенінің пайдалану жөніндегі қызығушылық аралық су қатынастағы принциптердің негізі болып табылу қажет. Сонымен қатар, әкімшілік әдістерден бас тартуға да болмайды, егер де олардың мақсаты мен міндеттері, бағыты тиісті талаптарға сай болса. Алайда бұл талаптар Орталық Азия елдерінде жоғары деңгейге дейін әлі жетпегендіктен, әкімшілік әдістер әзірше мемлекетаралық қатынастардағы қосымша әдіс ретінде қолдануы тиіс, және уақыт өте қала қолданудан тыс шығуы керек. Осыған орай, халықаралық экономикалық қарым-қатынастың механизмін құру жөніндегі міндеттердің ең маңыздысы болып табылатын су ресурстарының пайдалануы және қорғауының әкімшілік және нарықтық әдістердің тандаулысын белгілеп алу қажет.

Түйін сөздер: трансшекаралық өзендер, Орталық Азия Аймағы(ОАА), экология, әлеуметтік экономика, су ресурстары, денсаулық құқығы, нарық

Шаруашылық географиясы – белгілі бір аумақтық шекарада тарихи тұрғыда қалыптасқан қоғамдық ұдайы өндіріс жүйесін оқыту саласы. Шаруашылық құрылымының бастаушы ұясы – өнім өндіретін, қызмет көрсететін немесе өзге де атқарымдарды орындайтын кәсіпорын (ұйым, мекеме). Өндіріс жетекші орын алады, бірақ Халық шаруашылық құрылымының мазмұны тек қана өндіріспен сарқылмайды, өндірісте тек материалдық игіліктердің күрделі ауыспалы айналымы ғана басталады. Өндірістен кейін қоғамдық еңбек жүйесіне кіретін осы материалдық игіліктер айналысының (айырбасының), оларды бөлудің және қайта бөлудің, тұтынудың көп жақты үдерістері жүреді. Халықтың материалдық игіліктерді (қызмет көрсетуді де) тұтынуы олардың Халық шаруашылық құрылымында ауыспалы айналымын жаңарту үшін негіз болады, өйткені тұтыну жұмыс күшін ұдайы қалпына келтірудің құралы болып табылады.

Әлемдік шаруашылықтың жаһандануы нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің бәсекеге қабілетті ел қатарына қосылуы экономиканың кешенді дамуына негізделеді. Бүгінгі күннің маңызды бағыттарының бірі-негізгі өндірісті қосалқы кәсіпорындармен үйлестіре дамытуға көзделген кластерлерді жасау.

Әлемдік нарықта бірде-бір ел өз экономикасының барлық салаларында бір уақытта бәсекеге қабілетті болмау мүмкіндігі дәлелденгеннен кейінгі уақыттарда экономикасы озық елдерде кластерлерді қалыптастыруға үлкен көңіл бөліне бастады. Осыған орай, нысаналы салалар төңірегінде кластерлерді жүйелі қалыптастыру қажеттігі туындаған. Оларды қалыптастырудың мотивтері: әлемдік шаруашылықтың ғаламдандануы мен трансұлттануы, ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекенің шиеленісуінен туындап отыр [1].

Кластердің қазіргі заманғы анықтамасын американдық экономист М.Портер ұсынған. Оның пікірінше кластер - нақты бір салада қызмет ететін және өзара бір-бірін толықтыратын географиялық көршілес орналасқан өзара байланысты компаниялар (жабдықтаушылар, өндірушілер және басқалары) және олармен байланысты ұйымдар (білім беру орындары, мемлекеттік басқару органдары, инфрақұрылымдық компаниялар) тобы. Ол елдің бәсекеге қабілеттілігін жеке фирмалардың бәсекеге қабілеттілігімен емес, ішкі ресурстарды тиімді қолдануға бейімделетін әр түрлі салалардағы фирмаларды біріктіретін кластер арқылы қарастыру керек деген ойды тұжырымдайды. Әр түрлі фирмалардың бәсекеге қабілетін зерттей отырып, ол, жоғары бәсекелі фирмалар территорияда шашыраңқы орналаспай, нақты бір территорияда шоғырлану қасиетіне ие болатынына назар аударды. Яғни бір немесе бірнеше фирма әлемдік рынокта бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізгенде, жабдықтаушыларға, тұтынушыларға және бәсекелестерге өз ықпалын тигізеді және кластер негізін ғылыми-өндірістік кешен және аймақтық-өндірістік саясат қалыптастырады [2].

Зерттеулер бойынша шетел авторларының еңбектерінде кластердің жиырмаға жуық анықтамасы берілген.

Осы бағытта зерттеулерді жалғастырған М.Энрайт локалды, аймақтық шоғырланған артықшылықтарды өзара байланысты және өзара қызмет жасаушы кәсіпорындар желісімен, тығыз өзара қатынаста болатын және кооперациялану мен бір-бірімен бәсекеге түсу процесінен өздерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады деп қалыптасқан түсінікті ары қарай тереңдету жұмыстарымен шұғылданды. Ол аймақтардың экономикасының дамуының тарихи алғы шарттарына тоқтала келе, бизнесті жүргізудің түрлі мәдениетін талдап «аймақтық кластер» түсінігін енгізді. Басқаша айтқанда, «өнеркәсіптік кластер», шаруашылықтың бір-біріне жақын салалардағы фирмалардың географиялық агломерациясын білдіреді.

Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде кластер анықтамасының көп жақты түсінігі мен мәнін ескере отырып, яғни берілген анықтамаларды талдай келе, компаниялардың географиялық бірлікте шоғырлануына қарай бірігуінің мақсаты бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін оларға жаңашыл идеялар қажет. Осыған қарай инновациялық бағдарламалар жасау қажеттілігі пайда болады. Қорытылған тұжырымға сүйене отырып, біздің ойымызша, кластер анықтамасын келесідей дәлірек анықтауға болады: кластерге қатысушылардың және аймақтың бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында дамудың инновациялық бағдарламасымен біріккен бәсекелесуші компаниялар мен ұйымдардың экономикалық қатынастары. Мұнда аймақ ретінде қала, облыс, ел және ел одақтары қарастырылады [3].

Кластер - әлемдік бәсекенің қатаң талаптарына төтеп беріп, өмір сүруін сақтап қалуға бейімделген қоғамды өзіндік ұйымдастыру әдістерінің бір түрі анықтамасын әлеуметтік тұрғыдан қарастыруға болады. Бұл сөз ғылымның медицина, психология, информатика, математика, физика және т.б. салаларында кездескенмен, оның мағынасы барлығына ортақ, ағылшын тілінен аударғанда «кластер» - жинақталу, топталу деген түсінікті береді. Экономика саласында «кластер» - халықаралық еңбек бөлінісінде лидерлік позицияны алушы және экономикалық мамандандуды көрсетуші, аймақ бойынша жақын орналасуынан қолайлы жағдайларға ие болатын өзара байланысты әр түрлі саладағы бәсекеге қабілетті компаниялар мен кәсіпорын топтары салалық, ұлттық, әлемдік рынокта бәсекелік позицияны қамтамасыз етеді. Осы анықтамадан кластердің мағынасы бір немесе өзара жақын аймақта орналасқан компаниялардың жиынтығын көрсетеді. Біздің ойымызша, технологиялық тізбекпен байланған және салыстырмалы секторалды келісте көрінетін негізгі өндірушілер мен тұтынушылар, арнайы жабдықтаушылар жүйелерінің территориялық шоғырлану базасында қалыптасқан өндірістік кешен кластерді құрайды. Оның негізінде өндіріс шығындары азаяды, өндірісті «көшіріп, айнытпай жасау» жол берілмейді, кластерлік бірігудің мотивтері: жаңа технологияларды тарту мүмкіндігінің артуы, аймақтарды, аудандарды, облыстарды белсендету, импорт пен экспортты қолдау, мамандарды дайындау және олардың біліктілігін арттыру, ал мақсаты бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтер өндіру [4].

Шаруашылық географиясын оқыту барысында, шаруашылықтың әрбір саласы нарықтық экономикаға байланысты бәсекеге қабілетті болу керектігі сөз болады. Осы орайда жалпы кластерлер шаруашылық салаларының бәсекеге қабілеттілігіне үш бағытта ықпал жасай алатындығы зерттелген:

1. Кластерлер фирмалар және салалар өндірісін ұлғайтады: бәсеке кластер ішінде тиімді мамандандуды жүзеге асырады, талғамы жоғары тұтынушылардың пайда болуы өндіріс процесінде мамандандудың жоғары деңгейі масштабтылық үнемділікті қолдану мүмкіндігін береді, яғни бірлесіп шикізат сатып алу немесе маркетингтік зерттеулер жүргізу, технологияларды, жабдықтаушыларды, маманданған жұмыс күшін, ақпаратты, бизнестік қызмет көрсетулерді және т.б. қолдануға мүмкіндіктің еркін болуы, сараптаманың жоғары деңгейі логистикалық тізбекті жетілдіруі, сонымен бірге, бірлесіп жұмыс істеу және кластерде оқыту (жетілдіру) процесіне ықпал жасауы, кластерлік даму кәсіби, қаржылық және басқа қызмет көрсетулер инфрақұрылымын жетілдіруі.

2. Кластерлер инновациялық және өндірістік ұлғаю үшін мүмкіндіктерге жол ашады: инновация үшін әлуегі жаңа ресурстар табу мақсатында тиімді бірлескен арналарды жасауы, технологиялық үрдістерді алдын-ала анықтауы және болжауы, бұрын болмаған мамандандудың (қабілеттің) комбинациясының пайда болуына әкелетін қолайлы жағдайлар жасайтын ортаның болуы, тәуекелділіктерді бөлудің қолайлы алғы шарттарының қалыптасуы.

3. Кластерлер инновацияларды қолдайтын және кластерді кеңейтетін, жаңа бизнесті қалыптастыруды жеңілдетеді және ынталандырады: тез өсуші компаниялардың дамуы мен венчурлық капиталмен айналысудағы озықтылығы, кластер ішіндегі байланыстар мен арналар өзара толықтырушы технологиялардың, субсидиялардың пайда болуына ықпал жасауы, компанияда өзара толықтырушы дағдылардың болуы жеке кәсіпорындар бәсекеге қабілетті бола алмайтын ірі келісім шарттарға қатысуға мүмкіндік туғызуы, жаңа қатысушылардың пайда болуын қолдауы, жаңа идея мен бизнестің пайда болуына ықпал жасаушы

элеуметтік және басқа формалды байланыстардың нығаюы; кластер ішінде қазіргі заманғы ақпараттық ағымдарға жол ашылуы.

Кластердің артықшылықтары, қасиеттері мен негізгі бағыттарына көңіл бөле отырып, оның қалыпташуының екі жолы анықталды:

- кенеттен пайда болған (немесе өздігінен). Бұл жол өте тиімді болғанмен, өте сирек кездеседі, көп уақытты қажет етеді және экономиканың даму деңгейіне тікелей тәуелді болады.

- нақты өнеркәсіптік саясат көмегімен саналы түрде қалыптасу. Бұл жағдайда экономикалық жағдайды терең талдау, салааралық байланыстардың мүмкіндіктерін анықтау, соның негізінде кластерлік жобаны жүзеге асыру шаралары жасалады [5].

Бірақ кейбір экономисттердің пікірі бойынша, кластерлік механизм-бұл тек өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттырушы кеңістік-ұйымдық фактор болып табылады, ол бәсекеге қабілетті өндіріске алғашқы қажетті негізін құратын өндіріс факторларының қосымшасы болып қана қызмет етеді [6].

Кластерлік құрылымды құру логикасы бойынша, кластерлер ірі кәсіпорындарды дінгек ретінде пайдалану арқылы немесе дербес шағын кәсіпорындардың интеграциясы жолымен құрылады. Біздің ойымызша, туристік кластерлерге қатысу шағын және орта бизнес кәсіпорындары ішінен нақты экономикалық көрсеткіштер бойынша басымдықтарға ие болған кәсіпорындар негізінде кластерлік өнімнің өндірілуі тиімді және бәсекелік қатынастар сақталады [7].

Шаруашылық сферасында туризм саласы өсудің үлкен әлуетіне және жетістіктерге тез қол жеткізу мүмкіндігіне ие. Кіру туризмі елге шетел валютасының келуінің көзі және қонақүй мен мейрамхана бизнесі сияқты қосалқы салалардың дамуына мүмкіндік жасайды. Туристік кластердің дамуы елдің түрлі аймақтарында көптеген жұмыс орындарының болуын қамтамасыз етеді. Әлемде туризм өнеркәсібінің өсуіне қарай, Қазақстан үшін нақты рыноктық мүмкіндіктері бар және келесі бағыттар бойынша: этнографиялық туризм, экотуризм, шытырман оқиғалы туризм, конгресс-туризм, діни туризм, агротуризм, аңшылық және балық аулау туризмі т.б. салалардың дамуына мүмкіндіктер бар. Бұл параметрлер бойынша салаларды зерттеу экономиканың неғұрлым әлуетті бәсекеге қабілетті 23 саласы мен қосалқы саласын теңестірді

